



І. Ж А Н С Ү Г І Р О В

894.342-3

Жс 27 ✓

Қаз. яз.

# МЕРГЕН БӨКЕН

*Алматы*

І. Ж А Н С Ү Г І Р О В

894.342-3

ЖК27

# МЕРГЕН, БӨКЕН

*Әңгімелер*

«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ

Алматы — 1965

Мазмұны

Мерген, бөкен . . . . .	3
Жарамазан . . . . .	9
Қойшы мен аэроплан . . . . .	15
Май . . . . .	22
«Жедел жәрдем» . . . . .	26
Жол аузында . . . . .	44
Бейсетай бригадасы . . . . .	55
Наушатай . . . . .	78



## МЕРГЕН, БӨКЕН

Жазғы ерте. Желсіз салқын әуе. Жаз сұлу-дай майысқан рауаш, балдырған түнгі шыққа шомылып, жапырағын жалбыратып, буынын балбыратып тұр. Тау-тасты нұрға көміп, мақтанған сұлу ай, таңның ажарымен жолда ауырған жолаушыдай бесіндікте шалқалап, өңі қашып ескіріп, естен шығып барады.

Басын шығысқа, аяғын батысқа беріп шалқалаған тәкаппар Алатау, атқан таңды қайғымен қарсы алғандай... Тұманнан басын жел аршыған қызыл қорымда суырдың шақылдаған дауысы, қақалып таңды мақтаған сияқты.

Бұл жатқан сеңгір Жөңкенің Алатауы. Қиын қия. Қиясы бүркітке ұя. Құз шыңына тұнығын жұтып, телі өскен аңы ие. Сөйлескені аспан, жамылғаны қар, оранғаны тұман-бұлт. Көшпелі елдің төрт түлігі жайылып, шыңындағы отын шалған емес.

Не ажал іздеген, не ажалды қолына ұстаған жан болмаса, адам баласы аяқ баспаған

соны жақпарлар, жалғыз-ақ бұл жақпарларды құландай кезетін Шыршық мерген.

Шыршық мерген осы күн шығардың алдында таң көбелеп, аң қағып таудың қапталында келеді. Аяққа көн шәркей таңып, боз шаңылтақ малтаны белге түйіп, мылтықты арқалап, арқар мен құлжаны абайлап келеді. Жөңкенің қар жамылған бір найза қиясы:

— Атсаң мені ат, кеудемде еркелеп ойнаған жарастықты аңым, қантамырымдай денемдегі мөлдір бұлақтарымды ішіп өскен жаным, оған оқ атып, қан шығарсаң мен аһлап қарғаймын...— деп, мұз қатпарлы, тас қолтығын төсейді.

Мезгіл өз жолында. Таңның «аң жасырайын» деген ойы жоқ.

Таң ақ дидарымен ойды, қырды орады. Егіз лағын жел-құздан қорғап, шыжық болған ене бөкен қарсы қапталда қақшаңдап келе жатқан мергенді көріп пысқырып:

— «Пых-пых, пых! Қанға шөлдеген аңшы сүмеңдеп жеткен екен ғой, балаларым!» — деп, мойнын қайырып, бауырына кіріп ұйқтаған екі лағын түртіп оятып, жылжып өріп қойтастың қойнына кірді.

Мұны сауысқан көрді. Сауысқанға мерген ерді. Найза қияның баурына біткен қайың

мен ұшқат, жадағайда бадырайып қалған бөкенге салқын самалмен сәлем айтып, жапырағын қол орнына бұлғап:

— «Бауырыма кір, қойныма кір, жасырайын!» — дейді.

Сауысқан шықылықтап егіз лақты бөкеннің үстінде ұшады. Жауыз мінезде өскен Шыршық: «Көрінгенді қанға боясам-ау! — деп келеді.

Таң жайылып болып, нұр күшейгенде, жерде түн тамтығы қалмады. Аңнан басқа адам баласы денесін баспаған Алатау мылтықты мергенді көріп:

— Аһ, төсімде телі өскен аңымды атып шыңғыртады екен ғой, жанды болсам бұлқындып аунар едім, мына озбырлық іздеген адам баласынікі не деген қорлық?.. — деп, тұла бойы түршігіп, мұз жүрегі еріп, тас көзімен солқылдап жылап күрсінгендей.

Шыршықтың бұл жүрісіне бүгінгі табиғат наразы сияқты. Мылтық арқалаған мергеннің түрі, шәркінің томар қаққан дауысы жалпы жаратылыстың жайына наза болғандай; бұл жауыздыққа шыдамай, таңмен бірге тастан қайнап, шулап шыққан долы бұлақ егіз лақты бөкенге:

— Ажалды абайлаймысың? Тәңіріңе жыла, көз жасыңды ағызып менің суыма қос!

Осы бетіммен тынбай талпынып ағып мергеннің жүрегімен ақсам, қаталдығын шайып кетпес пе екем? — дейді.

Жұдырықтай болған сауысқан залалсыз бөкенге әуеде ұшып ажал шақырады. Ұйқыдан маужырап биік ала шоқы:

— Ей, бәріміз жаратылыстың жаны едік қой. Жақынға жабысқаннаң арты іштеңе болмайтын. Менің тілімді алсаң, адам баласы аң баласына оқ шығарма! Бәріңнің анаң — мен, мен емшегімді көкке сауамын... — деп, қой-қойлайды.

Аңның қақтама төстігіне дәндеген Шыршықтың кішкене қара қызы:

— Әкем, аң атып әкеледі... — деп, таңдайын тарсылдатады. Тау-тасты қыдырып, бұтын бұта сыдырып, арманы жыбырлаған аң болып Шыршық келеді. Мұны өзінен бұрын көрген тағы мінез, қыран көз, қамқор ене бөкен тесіле қарап күзетіп тұр. Жаратылыспен жаңада танысқан екі жас бөкен лақ алаңға шығып ойнақтағысы келеді. Еркіншілік іздеп, еркіншілік көксейді. Бірақ бұл тілекке, ана тілек үйлеспейді. Тұрмыс өз ағысында, бұл талас — табиғат заңы.

Шыршық әлі аң көрген жоқ. Ергені сауысқанның шикылы. Сауысқанның олжаға жолықтыратынына ол сенеді. Бірақ, қандай шын,

қия болса да Шыршық құстай ұшады. Сондықтан мұны ел: «Сұр жорға» — дейтін. Сұр жорға жорғалай басып, қыр-жотаны өрлеп келеді. Қарсы қабақта екі лағын тасқа паналатып, өзін оққа төсеп бөрте бөкен тұр. Бөрте бөкеннің түсі абайлаған кісіге көкшұбар таспен өңдес, сондықтан да тас арасынан, абайсызда, сауысқансыз адам көзіне түсетін емес. Бірақ, Шыршық сауысқанға сенеді. Сауысқан көз жазатын емес; ұшып бөкенге қонды. Мұны көрген Шыршық мерген, еліктей ұшып, айнала төңдеректеп, сол маңайдан бір ұрымтал жерден бақылап отыр.

Атқан таң өз бетіне. Оның жолы күн шығару, күн әлемге ортақ. Оның ойында, нұрына оралған жерде жасырын қиянат болмаса екен! Бірақ, мұны білген зорлықшыл жоқ. Жорғалай шоршыған сауысқан, Бөкен бұққан тастың басына шыққанда, егіз лақ үркіп алаңға шықты. Ене бөкен оқырып, екі лағын баурына паналатып, алшайып ақ сүтін емізіп тұрғанда, қара мылтықтан көк түтін «бұрқ» етті. Қос өкпеден оқ айқасты. Маңайдағы тау мен ағаш күрсініп ішінен қарғағанмен қолын созып ажалдан айырған жоқ. Бақытсыз туған екі жас лақ жаралы кеуденің жансыз емшегін іскелейді.

Сауысқан қанға қарқ, қаншы мерген тонға



қарқ, ене бөкеннің төстігі қақталып қара шұнақ қызға берілер.

Бірақ, үшеуінен басқа мәз ешкім жоқ. Жазықсыздың жаны, жаратылыстың жалыны «бұрқ» еткен түтін екен. Бітті. Айдаланың желісті жел бөкені ауыр Алатауға шыққанда ажалы осылай болды. Ол лағын алып қашқан ана еді.

Ендігі тілек екі жетім лақтың еркін өсуінде.

## ЖАРАМАЗАН

### I

Жарықтық, ораза айын көргенде қай-қайдағым есіме түседі: мұртын таңқита қырған тарауықшыл сопылар, қонақтан қонаққа жүйткіп жүрген молдалар, ауызын оразаға уәде қылып, қаңырығы түтеп шөлдеп, көлеңкеде отырған әжем, ораза болып жүріп саумал ұрлап ішетін Кенжеқыз жеңешем — бәрі де ойымнан кетпейді. Әсіресе жарамазаншыны айтсаңшы, уа шіркін. Жарамазаншы болса, біздің Төлепбергендей болсын. Ел жата, түн ортасы ауа, бай үйіне берекет деп қоя беруші еді ғой, жазған! Жаздың әдемі кешіндегі ай күндізгідей жарықта, біз қораның шетіне «ақсүйек» тастап, ойнаушы едік; қорадағы қойлар тыныш қана күйсеп жатқанда Төлепбергеннің «Жарамазан!» деген дауысы саңқ ете түсетін. Біз ақсүйекті тастай салып, дүркірей жүгіріп шулаған иттерді қуып жіберіп, жа-

пырлап тыңдап тұратынбыз. Ол құла шолақ аттың бір жағына қисайып тұрып заулата-тын кеп:

— Жарамазан! Жарамазан!  
Он екі айда бір келген орамажан!  
Бай үйіне берекет!  
Қаша берсін пәлекет!  
Кірсін дәулет есіктен,  
Шықсын бейнет тесіктен.  
Орамал берсең, барша бер!  
Ол да біздің несіптен.  
Жарамазан! Жарамазан!  
Айдалада шоңқайған қоян жазған!  
Үйің, үйің, үй екен!  
Үйің көркі ши екен!  
Саба көркі бие екен,  
Сандық көркі түйе екен!  
Сыртын сырмен сырлатқан,  
Қарағай найза орнатқан,  
Ақ бөкендей қойы бар,  
Ақ күмбездей бойы бар,  
Қандай байдың үйі екен?  
Айлаллау! Айлаллау!  
Осы рамазан — сый рамазан!  
Мұқамбет үмбетіне жарамазан!  
Кигені өзбектердің ала шапан!  
Құдай, аулақ қыла көр айна таздан,—

деп, бізді күлдіріп үйдің желкесінде, құла шолақтың үстінде, бір жағынан қисайып тұрып алушы еді. Осы Төлепберген жарамазан айт-

қалы көп болыпты. «Бұл ит баяғыдан қақсап келеді; атасынан қалған кесібі еді; жарамазаннан байыған жоқ; баяғы қу шолақтан басқа етті мал біткен емес, несі жақсы» деп, Алқа шешелерім аңыз қылатын.

Біз онда Төлепбергеннің жарамазанын атының алқымына кіріп тұрып тыңдайтынбыз. Қалың ауылдағы қатар үйлерді Төкең жағалай қыдыртады, алды-артының бәрі дорба. Ол итті шулатып, қораны айналып келгенше біз он шақты бала матаудағы түйенің алды-артынан өтіп қойды аралай жүгіріп жарамазаншы баратын үйге барып, тосып тұрамыз. Ай балалық! Төкең жарамазан айтатын үйді білеміз ғой. Қораның шетіндегі қойшының лашығына Төлепберген баспайды. Үзігі қылаң үйлерді ғана оятады. Оның жарамазаны таусылмайтынына сұқтанамыз. Ол шұбыртып соға береді. Үйден ұрғашылар құрт, май сияқты қадірлі тамақ алып шығады, бетіне орамал жабады. Орамалға сақина, жүзік түйеді. Ақша береді. Жеңге-шешелерімізге жалынып бергізбей, айта түссін деп, аялдатушы едік. Өйткені оның дауысы да, жарамазаны да бізді ұшпаққа шығарғандай болушы еді.

Күміс жеңешем кербездеу еді ғой. Жарамазаншыға жуырмаңда тұра қоймайтын, айта берсін деп, жатып алатын. Сонда Төлепбер-

ген «жарамазаншы» жарамазанының арасында боқтап тұрушы еді.

Кейде былай дейтін:

— Астымдағым тай еді,  
Жатайын деп барады  
Жаңа туған ай еді,  
Батайын деп барады .

. . . . .

Мінгені пайғамбардың ақ атан-ды.  
Әр үйде мұндай тұрсаң таң атады...—

деп тықыршитын.

Үйден бір нәрсе әкелген әйелдің, әкелген орамалының маңызына қарай бата беретін. Батасы тіпті қызық, шұбыртып кететін.

Алған құрт-қолаңын дорбаларына салып алып, құла шолақты борбайға бір салып, иттерді шулатып ана ауылға шауып кетіп қалатын. Келер ораза келгенше, Төлепберген жарамазаншыны сағынып жүретінбіз.

## II

О заман кетті. Жаңа заман, жаңа түр болды. Ұлы Октябрь төңкерісі ескінің тас-талқанын шығарып, жаңа тұрмыстың негізін салды. Ел, ел санасы, тіршілік, күн көрісі, саясат, бай, жарлы — бәрі де қайтадан жаңа-

ланды. Бәрі де жаңаланып жатқанда, жарамазан қалсын ба?

Жаңа заманның жарамазаны да жаңа болыпты. Бұрынғы біз көрген Төлепберген де жоқ. Оның орнына жапа-тармағай қаптап кеткен көп жарамазаншы. Бұрын жарамазан бай үйіне берекет деп басталушы еді. Енді — кедей ұйымына берекет деп басталатын болды. Жаңа жарамазан мен ескі жарамазанның айтылуы, тіпті, «түйе қайда, мен қайда?»

Ендігі жарамазан былай соғады.

Бұрынғыдай толып жатқан дорба байланып, үй басы қыдырмайды. Далаға халықты жияды, үстел қойдырады. Үстел үстіне ырығып шығып, өңешін созып-созып соғып кетеді жаңа жарамазанды:

— Жарамазан! Жарамазан!  
Ете алмайды кедейге байлар қожаң!  
Кедейлерге берекет!  
Қаша берсін пәлекет!  
Кірсін дәулет еңбектен,  
Қашсын дәулер дөңбектен.  
Ораза, намаз, пайғамбар,  
Періште, алда, дозақтар  
Аулақ біздің жер-көктен.  
Жарамазан, жарамазан!  
Байларға туғыз өмір ақырзаман!  
Елің-елің ел екен,  
Елің көркі жер екен!  
Жерің көркі кен екен.

Кеннің көркі жұмысшы  
Бұлшық еті балға екен.  
Кіре берсін берекең,  
Бола берсін мерекең!

. . . . .  
Байлау менен матау жоқ,  
Жарамазан — жел екен!  
Жарамазан! Жарамазан! Жарамазан!  
Айдалада шоңқайған молда жазған!

. . . . .  
Қызыл туын сырлатқан,  
«Интернационал» жырлатқан,  
Ресейге нық орнатқан  
Қай кедейдің туы екен?  
Ей, жарлы-ау! Ей, жарлы-ау!

. . . . .  
Қоғамдас, жалаң аяқ жарлы жазған!  
Жасасын жаңа талап, жаңа заман!

дейді жаңа заманның жарамазаншысы.

## ҚОЙШЫ МЕН АЭРОПЛАН

Біздің Тоғызбай отағасы малды адам. Тоғызбай ауылы ел ішіндегі жуан ауылымыз. Тоғызбайлар егін салып болғаннан кейін Қордай тауының алқымына тарта қонатын. Биыл да сол қара пұшық кемпірге ас берген жер ошақта отыр.

Тоғызбайдың ырысы — Батырбек. Батырбек өмірі Тоғызбаймен шығысып келеді. Мұны ауыл балалары Қара күшік дейтін. Батырбек — тықырлау, үңірек қара шал; биыл қырықтың алтауында. Бұл осы ауылға баяғыдан қойшы. Айына серкештен есеп қылғанда, Батырбек өмір бойына талай серкеш алған шығар. Сол серкештерден құрастырып, бұрын біреудің бесіктегі қызының аяғын шырмаған. Бұл қыз он үш, он төрт жасында өліп қалып, оның сіңлісі тағы бесіктегі қызға қараған. Міне, соны биыл жазғасалым, малынан түгел құтылып, Күлипанды он үшке шығарда алып еді. Күлипан ешкінің шыбышындай қара бұй-



ра қыз. Бәкең Күлипанды бала қылып еркелетеді. Келіншек қылып жұмсайды. Қойшы қойдан келген соң ұзақ таңға Күлипанын еркелетіп шығады. Күлипан түске шейін тұрмайды. Еркелік те, еріншектік те бар Күліште.

Бүгін аспан бұлтсыз. Ерте тұрған егіншілер болмаса, ауыл адамдары манаураған ұйқыда. Бәкең Күлипанның қойнынан тұрды да, дәрет алып, қойға келді. Бәйбіше тапсырған, арқан-жіпке қырықтыратын бойдақты көгендегенше, қораға тұрмай Батырбекті мазалады.

Батырбек өгіз ерттеп, насыбай уқалағанша, қой алдақашан өріске кетті.

Бәкең, топатай шелекке ұйытқан айранын шала-шарпы ішті де, уқалаған насыбайын шонтайға салып, бырылдап ұйықтап жатқан Күлипанын жауырынға қағып, тұр-тұрлап, ыржия күліп, қойнына қолын бір жүгіртті де, қазықтан шешіп, жуан таяқты тақымға қыстырып, өгізге мінді.

Ауылдың бет алды Қордайдың керілген қоңыр төсі. Бәкең ауылдан шығып, қойға көз салғанда, әдемі таудың жазық төсіндегі қой, текеметке шашқан тарыдай мажырап бара жатыр екен.

Мың салса бір баспайтын, ажабай, қайсар, шабан қызыл өгізді кендір қамшымен бауыр-

лай оса тартып, арпалыса-арпалыса шай-шайлай қойдың артындағы қоңырға Бәкең де шықты; маңдайға келді.

Қойшы Қордайдың кезеңіне шықты. Таң атқалы тау баурында шабан өгізбен арпалысып, тұншығып өле жаздаған Бәкеңнің жотаға шыққан соң ойы өрістеп, көзі бұлдырап, Қордай тауының екі жағына дара патша болғандай болды. Жақын, алыс аяғының астында, төңіректі шолып қарап тұр. Өрге пысынап шыққан қызыл өгіз де басын күн шығысқа беріп, манаурап танауынан дем алады.

Бәкең қойды ұмытып, көзді бір сүртіп, қамшылар жағына қарады:

Шудың көкала бұлдыр өлкесі. Сағым көтерілген өлкенің буалдыр саздары, алыста бауырымдап сағымданған поселка талдары, тілген таспадай иірілген ақ сызат қара жол таңбасы. Басына түткен шүйкедей тұман оранған қырғыздың ала асқары.

Мінер жағы, ол да сағымға қопақтаған, толқыған теңіздей үйсін қонысы. Көгілдір бұйрат шыттың өрнегіндей көгалмен безелген мал өрісі. Алысты қызыл жайнақ, құлпы масаты кілеммен нарды жапқандай қызғалдақ кестелеген.

Қызыл өгіздің маңдай алды: қойдың жалбыршақ қарнындай қатпарланып жатқан тау-

дың сілеме, ел жайлауымын деп, шалқасынан маужырап жатыр.

Артына қарап, аяғының астындағы ауылы мен қаптай жайылып келе жатқан қойын көріп, Бәкең отқа үйтілген ескі суыр бөрікті қолға алып, көзді аспанға салды да, аэропланға көзі түсті:

— Астапыралда! — деді Бәкең. — Астапыралда! Бұл қай құс? Астапыралда! Айырбұлаң! Айырбұлаң! Ой, жасаған-ай! Айыр бұлаң деген осы екен-ау. Ойына келгенін қылатын орыс-ай, сен таппаған жер астында қулық қалған жоқ-ау!..

Көзін сүрте түсіп, тесіле қарап тұр Бәкең. Бәкеңнің көзіндегі аэроплан Шудың аспанын көктей өтіп, селдіреген ақсары бұлттың астымен сызып, түйілген лашындай ұшып келеді. Бәкеңнің нашар көретін жанары қайтқан көзіне аспан — көгілдір көл сияқты, ақ шарбы бұлт көбігіндей. Ана аэроплан — көбік астындағы тұнық суға сүңгіп жүрген балық...

Сол көрініспен Қордайдың аспанын баса көктеп сырылдап, сырғанап келеді. Бәкең қойды да, қасқырды да өгізді де ұмытты. Күлипаннан басқаға жібимеген көн жүрегі ойнақшып, көне көзі қадалып тұр.

Аспандағы бұлттың астында дырылдай қалықтап, әуенің еркін, шетсіз кеңдігін жүзіп

келе жатқан аэроплан, Қордай дөңінде әуеге мөліп тұрған Батырбек қойшының көз жарымен бірге ой-қиялын тереңнен суырып әкетті:

— Анау, әдемі аспан, ондағы ұшып келе жатқан ұшқыр айырбұлаң құс сияқты; эне, құйрығы, анау — қанаты, басы. Қара мойын шағалаға ұқсай ма? Бірақ, шағала аспандамайды ғой, көлде ұшады. Жоғарылап ұшқанын аққу десе болады. Осы жерден неше арқан бойы болар екен?.. Дүние-ай, ішінде кісі бар-ау! Орыс қой, қазақ болса, комиссарлар ғой! Осыған мініп ұшқан кісінің не арманы бар? Астапыралда-ай! Басы айналмай ма екен, бұлардың шығармаған сұмдығы жоқ-ау. Сұмдық-сұмдық... Айырбұлаң деген көлік осы екен ғой.

Хе-хе-хе... Баялбай таз, бұзаулы сиырға сатып алған бестісін жүйрік деп, жүрісті деп күпінеді. Тәңір, мынаның қасында бурыл ат та көлік болып па? Кісінің орамына келіп, аспанда алып қашпайтын болса, әуедегі қазды, қарға-құзғынды бүріктіре қуар ма еді. Қордайдың екі жақ саласындағы, жықпылдағы тасқа шыққан ешкіні дырылдатып үркітіп, қойға қосар ма еді; қызыл өгізге жеткізбей ерте өріп кеткен қойдың артынан айраныңды ішіп, насыбайыңды уқалап, Күлпанды ойна-

тып оятып-ақ, асықпай ұшып қойдың алдына айырбұлаңмен шығуға болар еді. Шөп жемесе, шөлдемесе, арқасы кетпейтін болса, қой баққанға бұдан лайықты көлік табыла қоймас. Қасқырға, тіпті, шалымды шығар. Міне, төбемнің тұсына жақындады. Ой, алдай! Темір ме екен, ағаш па екен? Ішінде адам бар сияқты ма? Орыс қой, қазақ айырбұлаңда ұшпаққа қайда? Әлде, комиссар ма екен? Әлде, союзқосшыға жазылсам, байдан шығып қалаға барсам, оқу оқысам, үстелге шығып сөйлесем, мен де комиссар болар едім-ау! Мені де осындай айырбұлаңмен Ташкент пен екі ортаға тасымалдар еді-ау. Мен де осындай болып, Қордайдағы қойшының төбесінен ұшып өтер ме едім, дүние-ай!

Тіпті, осы айырбұлаң көп болып, үй басына біреу тиетін заман болса, мына Тоғызбай ауылының өзіне-ақ отыз екі айырбұлаң керек. Ту... Уайдай, менің айырбұлаңым қабырғасы жабық, көк мойын болса, қысы-жазы арпалысқан мына жауыр қызыл өгізді байға, асыңа сой деп, қайтарып тастасам; қой әлдеқашан өріп өріске кеткен болса, топатайға ұйытқан айранды ашып, жуан аяқ айранды тастап алып, насыбайды танауға атқан соң, бырылдап ұйықтап жатқан Күліштің қойнына көсеудей қолды бір жүгіртіп, оятып, тұр

деп, қазықтағы байлаулы жатқан айырбұла-  
ңыма тоқым салып мініп, кеткен қойдың со-  
дынан ызғытсам... Аңқылдатып қойдың ал-  
дынан шықсам, жер бауырлай ұшсам, қой  
дыр-дыр үріксе, шарықтап аспанға шықсам.  
«Қойшысыз ғой» деп, алаңғасар қасқыр То-  
ғызбайдың қойына шапса, аспанда жүріп,  
түлкіге түсетін бүркіттей көктен судай сорға-  
лап құйылып, бүркіттей түйіліп қойға қожа-  
йын болған қасқырды қанға тұмсығы тиген  
кезде, тақ төбесінен түсіп, қара тұмсықтан са-  
лып жіберсем!..» деп, қиялға қызып кеткен  
Батырбек қойшы, қолындағы жуан таяқпен  
өгізді басқа салып қалғанда, жайбарақат тұр-  
ған қызыл өгіз шошып, атып кеп кетіп еді,  
Бәкең жерге топ ете түсті.

Даладағы осы қылығын өзі ерсі көріп күл-  
ді де, өгіздің басын ұстап, көзін тағы аэро-  
планға жіберіп еді, аспанды қарастырып, жа-  
зып қалып, таба алмады.

Аэроплан Алматыға, қойшы қойына кетті.

## МАЙ

Оңтүстік жылы жақтағы майда, шуақты күн маужырап, жер түгі ағаштар жасыл жапырақпен бөбектей бөленген болады.

Солтүстікке ауысқан сайын күн қызбалығы әлсіреп, мәңгіріп жазды жай шығарады. Жердің денесін мартудай басқан масыл қардан тазалаймын деп арпалысқан нұрлы күн шырпуы жетер жерге сілтеген сәулесін таратып, қарлы қыстың ызғарын жойып болады.

Бұл, күн күресі... Қардың қаһарына қарсы күрес; жер жүзін суық сұрпаттан аршуға қимыл қылған ұлы күн шабуылы.

Бұл күрес өмір бойына келе жатқан ескі күрес, кәрі арпалыс.

Екі күрестің қолында жан-жануар ойыншық. Күн не үшін күреседі? Неге тыртысады? Күн мақсаты ашық; бауыр еті, баласы монданақтай жер шарын сасық басар қардан, долы бура бораннан, бықсық, соқыр тұманнан тазалағысы келеді. Жер шарында нұрға кө-

мілжіген күн орнатып, айлы кешті түн жу-  
сатқысы келеді. Тұнық теңізді сапырып, көк-  
тен көгалға жұпар бүркіп, жасыл жапырақ-  
ты жалбыратып, балдырған, балдырды балбы-  
ратқысы келеді. Қыстың қысылшаң сияқты  
албастыдай алапатынан ажыратып, жан-жа-  
нуарды жадыратқысы келеді.

Күннің күрескендегі мақсаты осы еді.

Осы күреспен күн өмір бойы арпалыста.  
Аязбен алты ай, ала қыс қажымай күрес-  
кен қызыл жанарлы күн қыс қалдығымен де  
алыптай алыспақ. Ақ бурадай шөккен қарлы  
асқардың ақжаулығын, ақ ордадай жер ша-  
рына қыстың тіккен ақ туырлығын дал-дұл-  
дап айырмақ. Солтүстіктен соққан сүйкімсіз  
суық ызғырық, сүзістен жеңілген текедей шы-  
райналып, құбыладан аңқылдап қызыл ескек  
соқпақ.

Құс қаңқыл; жер шылқыл. Төрт түлік төл-  
деп, жер шарындағы қыбырлаған жануар күн  
алыптың шуағына жиналмақ. Күннің осы  
мамырдағы күресін, мен, табиғаттағы «Октя-  
брь» дер едім.

Күн «Октябрінің» айы Май. Күн ұдайғы  
ұзын қысқы күресінің жемісін Майда жеді.  
Мал балалайды. Құс жұмыртқалайды. Қыран  
желкілдеп, ой көкала бұйраланып, қызыл  
қызғалдақтың сабағының самсауын көресің.



Май күні жер жүзі жаратылысы ұлы той қылады. Жаратылыс тойымен жер жүзінің еңбекші табы той қылады. Той — тойға ұласады. Өмір жүзінде мұнан қызықты күнді, мен, таппай отырмын.

Жаратылыс күресі секілді ұлы күрес, өмір жүзінде тағы бар. Ол күрестегі балуандар — еңбекші тап пен еңбексіз тап.

Октябрь өзіміздің еншімізге тигенмен, өзге жердегі бауырға тиген жоқ. Олар Октябрді зарығып күтуде. Біздің Октябрь олардың көтермешісі.

Бәйгі алар жер — Ресей! Октябрі бүгін болмағанмен өзге жерде, ертең болатыны күн күресіндей куәлікке жарайтын дәлел! Оның дәлелі — Бірінші Май күні жер шарының таңертеңгі төрт бұрышынан көтерілген қызыл жалау. Бұл жалау күн астынан жарқырап, қызғалдақтай құлпырады.

Жел боп соғады, сел боп шаяды, жайна-тып жаңаны өсіреді.

Бүгін жер жүзінің тарыққан табы — еңбекшілер қызыл жалауын желбіретіп Екінші Интернационал асқарынан қолын созады.

Әлемге, биік асқардың шығысы, сенім ұранын күңдренткендей Октябрден сабақ беріп

тұрған жоқ па? Күн қызыл сәулелі, жер көк  
майса, күн бауырында әлеумет. Әлеумет қо-  
лында қырмызы қызыл әлем. Төңіректің төрт  
бұрышынан түгел көтерілген таудың астынан  
жыр естіледі:

«Бұл біздің ең ақырғы  
Зор майдан, ғаламат.  
Интернационалмен  
Өркендер адамзат!..»

1924

## «ЖЕДЕЛ ЖӘРДЕМ»

### I

Алқаптың мүйісіндегі ауылдан күзгі көң қидың көк будақ түтіні шығады. Ауыл Ақылбайдікі. Ақылбайдың үйі шал қонақтай ауыл төрінде мыжырайып отыр. Үйдің оң жағында оймышталған отау. Отаудан бебеу қаққан жас әйелдің дауысы шығады:

— Би батпа, пірім-ау...

Не болар күнім-ау...

. . . . .

Жасаған, жалғыз-ау...

Бере көр оң толғақ!..

Жебей көр, аруақ...

Аруақ, қолдай көр!..

А, құдай, оңдай көр...—

деп безілдеп толғақтың шиыршығында тұрған әйелге:

— Оңдайды, қарағым, «алда» де, жасаған нем оң толғағын берер, — деп маңдайы жары-

лып қуанғалы жүрген Ұлар бәйбішениң сөзі недәуір әл болғандай. Ол оны айналып, үйріліп зыр қағады. Самауырынға су жылытып, жарыс қазанның шұжығын турап, сол ауылдың қатын біткені осында.

Отаудың оң жағы оңашаланған; үйілген отын, босағаға төгілген тезек, күл-көмір — бәрі шығарылған. Түн суық бола бастаған соң үйге кіргізіп байлап жүрген кенже туған бұзау да, келіншек толғатқандықтан өзге үйге жіберілген. Жалғыз-ақ оның тұрған жері мұздақ боп қатып, қатындарға ойылмай қойды; ойылмаған соң үстін жұмсақтауға қошқардың екі күйегін айқастыра салып, үстіне Мажыраны отырғызған. Ширақ есілген ала теңжіпті бақан мен жабыққа керіп байлап тастаған; оған сүрлеуге ілген төстіктей, не иден шығарып дегдуге ілген терідей-ақ, ботадай әдемі Мажыраны асқаққа апарып ілген. Асқақтағы ала арқанға жармасып, Мажыра отыр; іркіт құйған сабадай іркілдеп, екі иінінен демін алады, қолының ырғағымен бақаннан босаған арқанды Ақылбай келіп жоғары көтеріп, тартып байлап кетіп еді, Мажыраның бүккен тізесі түйеге байлаған тұлыптай салбырады да қалды. Толғақтың ашуы мен асқақтың қысымы түйдектесіп құлындағы дауысы шығады;

— Би батпа, пірім-ау!..  
Би батпа, пірім-ау!..  
Не болар күнім-ау...—

Енді ерні-ерніне тимей, сақылдап бебеу қағады:

— Ай-ай, қолым қары үзіліп барады, асқағыңызды аласартыңызшы! — деді Мажыра. Жалғыз баласының келіншегі, жанындай көретін жақсы келіні Мажыраның көңілін жықпайтын, аңқылдақ ана Ұлар бәйбіше:

— Аласартайын, қарағым! — деп, икемделіп еді;

— Аласартпа, бүлдіресің! — деп төрден Ақылбай ақырып тастады.

Кішкентай төрт қанат отау кісіге шаңырағынан шып толды. Төрдің бәрі кісі. Бәрі де «қуаныш», «құтты болсынға» келіп жатыр. Қатын қақтығып иін қағысады. Орта қарын майдай бір құйрықты тұтасымен турап, сабын былғағандай шыжғырып қоңырсытып отыр. Қатынның бірі шелек, бірі мосымен қолқабыс тигізіп, ыбырсытып жатыр.

Оттың өкпе тұсынан әнтек жоғары, астына бөстек көрпесін төрт бүктеп салып отырған Ақылбай, қазан астындағы қара қидың шоғын қолындағы қысқаш көсеумен анда-санда қағыстырып қояды. Бұл Мажыраның үстіңе басып кірмейтін атасы (қайың атасы).

Іш көретін Мәндібала кемпір, Мажыра «ішім» дегенде-ақ, қос атпен алдырылған; ол шәукиіп Мажыраға қол ұсыным оңтайлы жерден отқа таман отыр. Қатын жақты басқару Мәндібаланың әмірінде. Шарқынан жоғары асылған асқақта салмағымен салақтап қалған Мажыра, тыншығып отыра алмады. Екі тізеге қошқардың күйегінің қағы қадалып барады. Жүйе-жүйесі босап, ауыр салмақ төмен тартып барады. Екі қолдың қары үзіліп барады. Арқанда асылып тұрып Мажыра, олай дөңгеленеді, былай дөңгеленеді; шиыршық атады. Дауыс бұрынғыдан бетер бебеу шығады:

— Беу, беу, беу, жаным-ай!..

Құрыдың әлім-ай!..

Бебеу, би-пірім-ай!..

Не болар менің күнім-ай!..

Бауырсақ кесіп жатқан қалжыңбас Забила, төсекте отырған үбір-шүбір екі-үш қызға: «Әні, байға барсаңдар, осындай боласыңдар!» — деп, күбірлеп көзін қысады.

— Келін дауысы жеделдеді-ау! — деді Ақылбай.

— Толғақ жиілейін деді; енді ақырындап тартса да болады! — деп, Мәндібала орнынан

тұрып, Мажыраның ішін сипап, қарнын қармалады да:

— Қолдарының әлі бар қатындар, тартуға түсіңдер! — деді. «Қуанышқа», «жәрдемге» жиналған: Шөкібала, Ырыс, Жамила тартуға Мажыраның ту сыртынан ретке тұра қалысты. Ырыс тартайын деп ыңғайланып еді, Мәндібала:

— Шөкібаланы жібер, сенен гөрі оның қолының әлі барырақ шығар! — деп, Ырысты қақпайлап жіберді. Шөкібала Мажыраның үстіне шөге түсті. Өзі де айтарлықтай, жөпшенді еркекті алып ұрып, астына басып отыратын; ауған түйені ат үстінен басатын; көжеден бір жерде екі шараны жедел ішпесе, қоңқылдап, үйінен ұрыс кетпейтін; кимешегі кейкиіп желкесіне кетіп, дамбалының балағы қонышының сыртында жүретін салақ адам. Мұны қатындар «Алып абысын» деп атандырған.

Осы алып абысын Мажыраның ішін тартуға ту сыртынан түйедей шөкті. Мажыраның төсіне көйлектің ішінен екі қолды айқастыра жіберіп, елбіреп тұрған толғақты томпақ қарынды төмен қарай сықты. Мажыраның «а» деуге дауысы алғашында бір келсе де, қысудың күшімен тартысқа түскендей о да күшеніп, сіресіп қалды. Үйірге таласқан екі айғыр,

ашулы күйінде бірін-бірі алғандай тістесіп жатыр. Шөкібала екі-үш ұмтылып, ышқынып тартып:

— Уһ, қолым қары үзіліп кетті! — деп, қоя бере салды. Тартыс талқысында жан терге түскен жан — Мажыра, асқақтаған арқаннан сонда да айрылмады. Бірақ, бұрынғы ширақ бебеу дауыс әлсіреп, баяулайын деді. Екі көзі қып-қызыл боп қанталап, өне бойын қара су басып кетті. Шөкібаламен ретте тұрған қатынның бәрі де «жәрдем» беру ниетімен бір-бір тартып шықты. Шөкібала тартуға екі қайтара түсті:

— Тұмсалығы ма, белі тым қатты екен! — деп алып абысын тұр. Тартатын қатындарды кезек-кезек түсіріп Мәндібала «жедел жәрдемнің» басында. Дәмелі қатындардың бәрі де тартып шықты. Бірақ, бала шыққан жоқ. Іші төмендемек түгіл одан әрі кеуіп кетті. Мажыра әлсіреп асқақтан ұстауға әлі келмей, арқаннан айрылып қалды. Бебеу дауысы шықпай, сүле жай ыңқылға ауысты. Тартып шығара алмай шыққан қатындар: «дүниеде іш тартқаннан қиын жоқ. Тартқан адамның белі опырылып, екі қолының қары үзіліп кете жаздайды екен!» — десіп, тегіс күйзелісті.

— Болмады ма? — деді Ақылбай.

— Болмады! — деді Мәндібала.



— Тарту жетпей жатыр ғой, жүз айтқанмен, ұрғашы аты — ұрғашы ғой! — деді Ер-назар отағасы.

— Тоқтасын түссін! — деп, өзге еркектер ымыралай бастады. Әшейіндегі ақ мысықтай ширатылып отыратын Мажыраны құшақтауға құмар, кәрі шораяқ Тоқтасын жымыңдап, именіп Ақылбайға қарап еді, Ақылбай:

— Тоқтасын, сен ептеп тартып көр, қолыңның әлі бар ғой! — деді.

Ел ішінде іш тартқанда, әрине, әлді кісіні керек қылады. Тоқтасын да еңгезердей, үйіндісі үлкен кісі. Арысқа түсіп оңды-солды ұрғанда, алды-арты бірдей. Оның тақымынан ешкім көкпар тартып алған емес. Ұстаған шеңгелі кеспесе, айрылмайды.

Тоқтасын үстіндегі орамсыз үлкен қоңыр ішікті тастап, мал соятын кісідей ішіндегі жеңілтек шапанның белін буынып, жеңін сыбанды. Арқаннан айрылып Мажыра жай ыңқылмен отырып қалған; екі көзі қанталап, жан терде отыр.

Әлуетті алып Тоқтасын, Мажыраны екі қолынан іліп алып арқанға асылдырғанда, әлі кетіп, азар отырған Мажыра шошып, сергіп Тоқтасынға алара бір қарап:

— Ағатай-ай, аяй көр! — дегенге ауызы келді.

Тоқтасында үн жоқ. Мажыраның сыртынан шоқшия отырып, көйлектің қолтығын жеулетіп, бураның санындай екі ысқаяқ бауан қара білекті емшектің астынан ала айкастырып алды да: «Ай, аруақ!» — деп, пәрменінше қысты... Сықты... Сығымдады... Білек жылжытып төмендетті. Бүркіттің бүруіне түскен түлкідей тұяқ серпе алмай, асқақтың астында, алыптың қолына түскен Мажыра: «А, жаным!» дегенге ауызы бір-ақ келді; талықсып кетті. Қоян алған қаршығадай Мажыраны жұмарлап жатқан алып Тоқтасын, үш ышқынып тартып, қолын жазғанда, қолдарын тосып отырған қатындар: «Түсті-түсті!» — деп, шуласып қалды. Әлуетті білек пен қажырлы тізенің арасына салып сығып бала шығарған Тоқтасын «әбүйір» алғандай боп мақтанып, маңдайдан терін бір сұртті. Ерназар отағасы елбіректен азан шақырып жатыр. Бірақ «жарылқағанда» бажылдап түсетін баланың дауысы шыға қоймады. Кіндік кесетін ұстараға үш қатын таласып, апыр-топыр жанжал. Кіндікті кесіп, баланы бөлек алғанда, «шаршап» кеткен Тоқтасын, Мажыраны сүйемей қоя беріп еді, Мажыра сылқ ете түсті...



Ұлар бәйбішенің ескі күпісінің жабағысына ораулы жаңа туған бала төсектің үстінде жатыр. Өкпесі сырылдайды; өзі — ұл. Елдің бәрі мәз-майрам. Кіндік кескендердің де, жерден көтеріп алғандардың да, азан шақырғандардың да екі езуі құлақтарында. Ақылбай, Ұлардың ұлының баласы болып, «немере сүйіп», қағанағы қарқ, сағанағы сарқ. Ұлар бәйбіше сақтаған майын бастап, қатындарға асатып жатыр. Айтқан малды алдыруға кісі шаптырылды. Күшпен тартып шығарған әбүйірлі Тоқтасын да алқынып терін сүрте түседі...

Жалғыз-ақ қуанбаған Мажыра. Ол қуанбайын деген жоқ, қуана алмады. Не болып, не қойып, не бала туып жатқанын ұғынуға есі болмады. Өзімен өзі әуре. Күшінен асыра топта тартып тастаған жүйрік аттай сандалақтап ілгерінді-кейінді кетіп отыр. Отыруға әлі жоқ. Мәндібала күйбіжіктеп, жіп байлап «жедел жәрдемші» боп жүр. Бір қатын қолына келсап алып, Мажыраны айналып жерді түйгіштеп: «Түсті ме?», «Түсті ме?», — деп, шыр айналады. Үйдегілер: «Түсті!», «Түсті!» — деседі. Бірақ, түскен түгіл, түк те жоқ. Баланың «жолдасы» түспей кешуілдеді. Ба-

ланың «жолдасы» баламен емес, анамен жолдастасып кеткендей болса керек.

Мажырада қан қалмады; беті көгілдірленіп, танауы қусырылып, өңі ажарсыз тартайын деді. Бұрынғы қара мөлдір көз аларып, баспақ болған қой көзденді. Мойын босап былқылдай бастады; мұны көрген Мәндібала:

— Осыған келді-ау,— деді. Үйдегілердің төбе шашы тік тұрды. «Қорқамыз» деп, қатындар қарауға да жарамай, теріс айнала берді.

Мұны көріп, есітіп Ақылбай тыншып отыра алмады, ол:

— А, құдай!.. А, алда!.. А, аруақ!..— дегенді жиілетіп айтып, екі жеңін киіп орнынан тұрды. Теңде жатқан албасты қуған арғы атасы Алтыбайдың кісесін Мажыраның бақанына ілдірді. Марту басып өлтірілген қатынның өкпесін тістеп келе жатқан қырдағы қызыл итті ұрған Шақардың білеуітін (қамшы) Ақылбай өз қолына алды. Ежелгі киелі Еркеқыз ененің ақ шүпірегін Мажыраға жапты. Қарала текемет беріп алған пайғамбардың құмғаны, тәсбиіғы, жайнамазы, шәркілерінің суреті бар қағазды, түрлі бой-тұмарларды саудыратып Мажыраның үстіне түйреп, арқанға асты. Ешкімде үрей жоқ. Бала-шағада, қатын-қалашта ес қалмаған. Мажыра

көзін ашпай ыңқылдайды. Тоқтасын, Мәнді-бала, басқалар оны демеп тұр.

Мажыра бір қымсынып көзін ашып еді, көзі ажарсыз, «арашалап» тұрған елдің ту сыртынан шыққандай болды. Үйдің іші шу ете түсті. Еркек біткен тегіс айқайлады; қатын-қалаш шуылдады. Бала-шаға жылады. Ауылдың иті оған әулігіп, отауды айнала үрді.

— А, бабам! А, аруақ! Тарт!.. Жоғал!..— деп келіп Ақылбай, Шақардың білеуітімен бір ұрып еді, Мажыра селік етіп: «ойбай-ай» деді. «Алда» деп айт! — деп, Ақылбай және бір ұрып еді, Мажыраның әлсіз ауызы «алданы» азар айта алды.

— Е, не көрінді! Аш көзіңді! Түзу отыр! — деп, Тоқтасын сүйеп тұрған Мажыраны ырғап-ырғап қойды.

Мажыра тағы талықсып кетті. Ақылбай тағы ақырды. Ерназар екіленіп екі салып кетті де, қара шараға құйған суды Мажыраға «құлқуалданы» үш қайырып оқып бүркіп қалып еді, суық судан селк етіп, Мажыра көзін бір ашты.

— А, балам! Не көрінді, жөндеп отыр! — деп, алдында тұрған Ақылбай ақыра тағы зекіді; «Түзеліп отыр» деп, Тоқтасын тұқыра нұқып-нұқып қойды. Бірақ, «түзелуге» Мажырада әл қалмады. Жөнделіп отыруға, жөн-

дігіп жиналуға шамасы келмеді. Тағы талықсыды, бірақ, амал не? Айтуға дәрмені жоқ. Төңірегіндегі төнген көп оны — «Албасты алып, марту басып барады» — деп түсінді. Албасты, жын, сайтан, марту, арапшы — барлығы сорлы Мажыраның үстіне үймелеп тұр деп ұғынды. Өмірі шешек жарып, гүл төккен жемісті шыбықтай жазықсыз жас әйел, табиғи жолдың кедергілі кезінде мынадай «жауды» жолықтырды. Жау аяған жоқ. Мажыраны малданған албасты, мартуды ақырып қуып, ұрып айырып алу үшін жұмсамаған қайрат қалған жоқ. Ұрды, соқты, сықты, жықты. Қазақ өміріне ұялаған қараңғылық, надандықтың қара күшінің түйдегі Мажыраға осы жерде көп айқасты. Оның дауысы шықпай, ыңқылы баяулап, сүреңі жұбаулап барады.

Тағы у-шу...

Әлем-тапырық әлгіден де қиын болды. Келген жылқы отауды басып барады. Ұста дүкенін әкеп құрып жіберіп, «Дәуітке» сиынып, қызыл темірді Мажыраның алдына шақ-шұқ еткізді; үйдің ішін от алды. Мажыраның селт етуге мұршасы келмеді. Иығына үкі қадаған Қабанбайдың қасиетті қырғын бүркіті далбырақтап Мажыраның үстіне түсті. Бұдан басқа да осы секілді «сайтан қуар» ырымның

барлығын да түгелдеді, қылмаған ырымы қалмады. Ұзақ күнге жұрт түгелімен сорлы Мажыраның үстінде болды; төбеледі, тепті, бірақ әлсіреп әбден меңдеген әйел тепсе де, жұлқыса да, ұрса да қабағын көтере алмады. Күн еңкейіп ұясына кіріп бара жатқанда қос атпен «Дәуперіге» шаптырды.

Сам жамырай бергенде қос аттың құлағынан терін ағызып бақсы келді.

Бақсы келгенде кереметпен келді. «Алдай қақтап» ауылды үш айналды. Үйге келіп ат үстінен белдеуді қиды, жабықты тілді. Табалдырықты теуіп, босағаны қарады. От басына он шырақ жақтырып, қобыз алып жын шақырды. Ауылдың бәрін жинап, «албасты үркітуге» азан-қазан қып ойын салды. Шаңыраққа шықты. Отқа орақ қыздырып жалады. Оттың қоламта күлін бұқаша шашты. Одан бір баланың, бір келіншектің беті, бір баланың қарны күйді. Мажыраны олай да, бұлай да лақтырды. Қақты, соқты. Қорадан мінсіз ақ қой ұстап әкеліп айналдырды.

Бақсы ойыны күзгі түннің ортасы ауғанша болды. Үркер төбеге келе бергенде ол ойынын тоқтатты. Бақсының даурыққаны басылып, ауыл тыныштана бастады. Мұнымен бірге Мажыраның ыңқылы басылып, қыңқылы жо-

ғалып тіл-аузын қойды. Оны отаудың оң жағына салды.

Бақсы алдына ақ тоқым жайып, құмалақ салып отырып, Ақылбайға қарап:

— Болмаса, болмас! Менің қолымнан келмес. Бұрын бір марту басқан шикіл сары әйел толғаққа араласқан екен; соған ере келген ібіліс іліп әкетіпті. Мен өкпесін алып кеткеннен кейін киліктім. Келмейін деп едім, Ақа, сенің көңіліңді, атыңның терін мойныма көтере алмадым. Қайтейін, жауға шаптым, қолымнан келмеді; ұлықсат болса аттанам! — деді. Ақылбай жік-жапар болып:

— Ертең-ақ қайтыңыз! — деп жалынып еді, бығып жатқан ауыруым бар, асырап отырған арығым бар» — деп, бақсы жүрмекке бел байлады. Таңға бір ұйқы қалғанда, Ақаңның «бергенін» алып, Дәупері ауылына аттанды.

Бақсы аттанған соң отырған үй іші Дәупері айтқан «шикіл сарыны» қарастырды; ол — Қазила боп шықты. Қазиланы, алдыңғы жылы қыз тапқанда, осындай «марту басып», жиналған жұрт айқайлай-айқайлай қорқытып, азар айырып алыпты. Сол Қазила бүгінгі толғақтың ішінде болған екен. Мажыраның күзетінде отырған көптің қорытындысында «пәлені» әкелген Қазила боп шықты. (Қазила



байғұс алғашқы айқайда-ақ қашып жоғалған еді.) Мұны есітіп Ақылбай бармағын тістеді.

### III

Үй іші алакөлеңке, кесенің түбіне жаққан жаяу шам жалпылдап, бірде лапылдап, бірде қарауытады. Аласұрып өртейтіндей екіленеді, өлетіндей әлсірейді; әйтеуір әлсіз шырақ сәулесі...

Осы шамның алакөлеңкесінің қасында кірпігі қимылдап Мажыра жатыр. Ақылбай атасы анадай жерде түнеріп отыр. Ұлар енесі үстіне түскелі шүкшиіп аяқ жағында отыр. От айнала өзге жан; бәрі де жан күйер жақындар. Барлығы да жылауда. Қолдарындағы қолорамалдары судан сығып алғандай жасқа малынған.

Мажыра анда-санда ыңыранады. Көбінесе сұлық, тіл-ауыз жоқ. Көзін ашпайды. Жалғыз-ақ, Ұлар таңдайына су тамызып отыр.

Осы күзет күзгі ұзақ сары таңды алды. Таңға тартқан кезде түн онан ары суытып, сиыр жапасы тоңғалақтап қата бастады. Жылы қара жерге бу тұрып, қырау отырды. Матаудағы түйе таңғы күйсеуін бастады. Үркер өрлеп асып, жамбасқа түсіп, таразы тақ төбеге шықты.

Әлгі күйде шам!

Әлгі күйде жан!

Үйдің іші ұйықтағаны ұйықтап, қалғығаны қалғып, хабарсыз отырғанда сұлқ жатқан Мажыра кенеттен бетінің көлеңкелеген шүпірегін ашып алды да:

— Апа! — деді.

— Ау, қарағым! — деді Ұлар. Үй ішінің бәрі оянды. Мажыра сергіп жиына қалды. Екі көзі ашылып, сауындағыдай жаудырап нұрын төкті. Ұлар басын демей беріп еді, жұлып алды. Ақылбай да қалбақтай «қарағым!» — деп, жастық қойып, төңірегін қымтады. Мажыраның тілі шықты, «су!» — деді. «А, құдайлап» әкеп берген бір тостаған суды сылқ-сылқ жұтып, тостағанды босатып берді; онан әрі қуанды, недәуір әл алғандай болды.

Мұны өзге ел сезген жоқ. Өлімді көп көрген Ақылбай, Мажыраның бой жасағанын біліп, жұбаптасайын деп, тез ұмтылып келіп:

— Қарағым! Ырысым!.. деп еді, Мажыра:

— Әти, мен не болғанымды білмейін де... білмеймін де. Мені өлтірген өздерің... Менде жазық жоқ... Ауру, арапшыдан аман ем... Мен көптің тоқпағына жаншылған бір шыбық... Көп отқа әдейі итерген бір көбелек... Мені көп жүруге... Өмір сүруге қимадыңдар...

қидыңдар!...— дегенге ауызы әлсіреп азар келді де, арғысын айтайын дегенде екі-үш түйнеліп, қылқынып айта алмады. Көзі жаудырап, «қош-ш-ш» — деді. Алдына әкелген қоңыр жабағыға ораулы жас нәрестені тілсіз күйде өзіне икемдеп, төсіне тартты. Өне бойын қорқыныш алған Ұлар қалтырап, ұстаған баланың бүркеулі бетін Мажыраға ашты. Мажыраның екі бетіне нұр тарап, көзі ажарланып жаудырап, нәрестеге қарап жатты да, жалт етіп тағы Ақылбайға қарады.

Ақылбай қаужақтап:

— Қарағым!.. Ырысым!.. Өркенім!.. Мажырам, маңдайыма сыймадың!..— деп, маңдайын төпелеп, кеңкілдеп жылап, Мажыраны құшақтайын деп, қолын арбита бергенде, заде боп қалған жарымжан Мажыра «тағы ұрады екен» деп, селк етіп, көз назары аларып — бұзылып, сылқ етіп, дәрменнен айрылды. Ұлар Ақылбайды кейін қақбалады. Өмір кезеңінің асуында, азапты ажал болып жабысқан баланы, Мажыра тұсынан кейіндеткенде, баланың да жан дыбысы үзілген еді. Мажыра екі қолды бір ербең еткізіп, сақинасы самсаған ақ саусақтарды алдына қарай тарбитып, жөнеліп бара жатқан бір жаннан жан ашырлықтай, мейірімді «жедел жәрдемді» күткен сияқтанды. Бірақ, оның қарманған қолы-

на жәрдем түскен жоқ. Ол ұсынып, ышқынып  
соңғы демін сарқыды.

Ақылбай өкіріп жылап, үстіне жалбырлата  
жапқан Еркеқыз ененің «киелі» шүпірегімен  
бетін көлеңкелей берді.

1925

## ЖОЛ АУЗЫНДА

Біздің отырған отарбамыз Отардан жөнелді: табан темір (рельс), шпал, шеге, шөп, сұлы, жұмысшы — осылар. Осылармен бірге келеміз.

Қолда қару, бойда жігер жұмысшы, атамзаманнан жабайы жатқан даланың астын үстіне аударғалы келеді. Жол салғалы келеді, өзгерткелі келеді, көгерткелі келеді.

Keң даланы жарып отарба келеді. Оң жақ — Алатау, сол жақ — мыжырқай пұшық таушықтар. Алды-артымыз жойқын жусанды шетсіз дала. Осы даланың ортасынан оя салынған жаңа жолдың төсегі. Жолды жағалай құлашын жайып, сырғасын салбыратып телефон тұр.

Жол жаңа. Әлі кірленбеген ақшаң ағаш әлі дымқыл — кеппеген қоңырқай топырақ. Құрған темір өрнектей жаңа қағылған шеге.

Күн еңкейген. Көшпелі қалаға келдік. Іркес-тіркес қызыл керуен — состав. Артқы ар-

бада атан түйеден жуан қызыл шелек, шелектің шүмегі Алатаудың қымыз суына құрулы науаға ақтарылып тұр. Науадан құлағын қайшылай жұтып жатқан жұмыс аттары. Жомарт шүмектен шелектеп су алып жатқан халық. Бұл тұрған жер құла дала, жапантүз — Кербаланың шөлі. Өлдім десең, ұрттам су таба алмайсың. Бұлар осы шөлдің құшағында. Суды әкеп отырған — отарба.

Оған жалғас вагонда шөп. Темекінің байламындай жоңышқа, машинамен турап, су сеуіп жібітіп, шалдың тамағындай мәпелеп «жоңышқа палаулатып» біреу тұр. Бұл қазақ, жұмысшы. Істеп тұрғаны — жұмыс аттарының тамағы. Қолды шала-шарпы жуып, кәрі жіліктерді қасқырша жұлатын Төкембайлардан мынау аттардың жеуі әлдеқайда таза, әлдеқайда тәртіпті.

Оған жалғас вагонда қайнаған қазан, асхана, сауылдаған су, от басындағылар кірпігіне кір жуытпаған аппақ киімді асбасшылар. Қараған жан көп, қазан біреу. Берекелі қазан.

Вагон — кооператив самсып тұрған нәрсе — кездеме, нан, қант, чай, темекі, май, балық, керосин, шақпақ, киім-кешек, керек-жарақ. Екі мүләйім приказчик. Бірі сынық сөзді, жібек мінезді, жұмысшы әйелі, мұны көргендер:

— Кооперативтегі сатушылар бәрі осындай болсашы,— деген арманды еріксіз есіне алады.

Шу жоқ. Алматының дүкендеріндегідей бажылдасу, жұдырықтасу жоқ, жым. Жұмысшылар шіретімен кірген, алып кетіп жатыр. Кооператив тәртібі осында. Онан да өттік.

Вагон алдына байлаулы қызыл крест. Ақ желеңді доктор, дәрі-дәрмек, балалардың емханасы.

Онан ілгері вагондар — квартир. Квартирлерде үй сайманы. Бір квартирге екі үй іші орналасқан. Ортасында ортақ үстел. Әр үйдің есігінде ергенектей бір-бір басқыш. Көшсе жиып алады, қонса қоя қояды. Қала көшпелі.

Ол квартирлердің араларындағы вагондар әлеумет орындары: Кеңес, почта, телеграф, аурухана, клуб, кітапхана, кір жуатын үй, түрлі склад, мастерскойлар, ұста, ағашшы, етікші, пиялашы, шаш тараз — қысқасы қалада не болады, бәрі де дайын. Жалғыз-ақ, неге екені белгісіз, тұрақты монша жоқ екен.

Чемоданымызды арқалап, шаңбай ауызданып Ленин бұрышына келіп кірдік. Жайнаған плакат, сурет, ұрандар, толған газет, журнал. Орналастық. Жуындық.

Жол төсеуші жұмысшылардың мол артелі жақын екен, қасына келдік.

Бұл жұмысшылар жиырма шақты кісі. Поездан түсірілген материалдарды, рельсті вагонеткелерге жайлап салып тұр. Оны атты-жаяу ілгері айдап кетіп жатыр. Бұлардың үсті-басы майлық орамалдай сатала. Май жарғақ алжапқыш, темір білек, шойын иық, құрыш қол. Білектей болат лом. Жұмысына көз ілеспейді.

— Әс! Дә! Зәл! — десе, қаз қатар тұра қалады. Сырықтан ұзын, сырғауылдай жуан шойынды жабыла қойылған қол, уықтан оңай үйіріп вагонеткеге салады. Тағы қол қояды.

Тағы:

— Әс! Дә! Зәл!

Мұны айтатын жатағандау келген, текпіні темірдей — Нұрбек.

Өзіміздің Нұрбек. Мұның дауысы жер жа-рады. Көп қолды күшке шақырады. Көп күшті іске шақырады.

Шойын сырғауыл былғаң етіп арбашаға са-лынады.

Нұрбектің — Әс! Дә! Зәл! — дегені, раз! два! взял! екен, — қандай әсем!

Ол жұмысшылар жұмысын бітірді. Жұмысшылар поезының (көшпелі қаланың) алдындағы материалдарды арылтып болды. Болды-



ау дегенде, астында қазақ орыс ер-тоқымды тор қасқа жорға, қолында қынға салып жүретін темір жолшылардың қызыл-жасыл жалаушасы бар, қырықпа сақал, шойын мойын, балуан кеуде, жуан жігіт поезді құрдай жорғалатып өтті. Вагондегілер басқышын жинады. Паровоздың гудогі бір ақырып қойды. Отырған үйіміз, көршіміз, көшпелі қаламыз ақырын жылжып жүре берді. Жаңа ғана жасалған жол, мысықша басып, сырғып келеміз. Мұның аз алдында боз жусан, бозғыл топырақтан басқа түк жоқ елсізден поезд жүріп келеді. Әп-сәтте жабайы жатқан жапан дала жамырай түре келді. Өзгеріс! Әр жұмыстың біткені көзге осылай көрінсеші деген тілек жүректе соғады.

Жұмыстан тоқтаған жұмысшылар ломын, балғасын, арасын, арқанын, күрегін, арбасын жинап, квартир-квартиріне жамырап жатыр. Жуынып жатыр, киініп жатыр. Дүкенге, тамаққа, клубқа, спортқа бытырап жатыр.

Вагондер шамын жақты.

Ертең ертемен тұрдық. Жұмысшылар жұмысқа кетіпті.

Кеше кешке ұйықтап тоқтаған поездің алды бүгін жаңа жол. Бозғыл күрең белден асып, жаңа салынған жолдың өрмегі жатыр. Көшпелі қала тағы жұртта қалыпты.

Күн шықты, еңбек қазаны қайнады. Жұмыс басына келдік.

Жер жұмысы біткен. Боз даланың бетін айғыздап, құба жонның жонын басып, жолбарыстай шөккен жолдың жуан топырағы жатыр. Оның кетік-кетігін жамап, күректі жұмысшылар тобы барады, көбі қазақ.

Ол өңделген топырақты жағалай жүріп жатқан ат-арба, тиегені шпал, екі жағынан тасып, төгіп келеді. Атарбадағылардың бәрі — қазақ.

Ол төгілген ағаштарды бір топ жұмысшы қолындағы ұзын сапты қармағымен шортандай шаншып, тулатып, шпалдарды салалап салып келеді. Көз не ғып ілессін!

Ол салынған шпалдардың үстінен айқыш-ұйқыш ағашқа бекіткен, бір топ жұмысшы шойын шөгетін шпалдың шоқтығын жауырлап тіліп барады.

Ол тілінген жауырларды алмас шапошотты бір топ жұмысшы жалақтап шауып келеді. Тездігін көз неге шалсын!

Ол жасалған орындарды бастыра, рельсті қадағалап салып бір топ жұмысшы келеді. Кигені жарғақ қолғап, қолда сом темір, төрт-төрттен тұра қалып:

— Әуп! — десе, сырғауыл шойын сыңғыр етеді; шыбық алған құрлы неге болсын!

Ол салынған рельстердің жапсарын жабыстырып қаусырма салып, қарғашалап бір топ жұмысшы келеді. Мұндай епті, мұндай жылдам бола ма!

Ол салынған қарғашаларды қатыра шегелеп шақ-шұқ ұрып, бір топ балғашы келеді. Балға дауысына дала даурығып, қыр жаңғырығады. Бұдан ұста неге ассын!

Бұл жұмысшылардың ең өнерлісі осылар. Шегеші. Қазақстанда әлі шегеші жоқ екен.

Бұларды өкшелей жұмысына жем беріп келе жатқан вагонеткалар бар.

Рельс, шеге, қаусырмаларды осы вагонеткалар дем-дем жеткізіп тұр. Вагонеткалар сол жаңа салынған рельспен келеді. Атпен тартылады. Қолмен айдалады. Әлсін-әлсін майға шомылып алып, сырғанап тұрған бір елгезек төрт дөңгелек... Қанша зат салынса да көтереді, балуан, атқа ауырлық тіпті келмейді... Жанындағы шығыршығынан аттың қамытына іле салады; жылп еткізіп алып жөнеледі. Баяғыда бір орыс ботаны көргенде:

— Түйе болайын-болайын деп, бола алмай қалған екен,— депті. Сол айтпақшы, мына вагоншіктер де отарба болайын деп, бола алмай қалған байғұстар екен.

Бұлар отарбадағы вагондердің боталары, тайыншалары сияқты. Әйтеуір отарбаның ал-

дында жүр. Бұларды атпен тартып жүрген қазақтың жас жұмысшылары; вагоншені іліп алып, сырқыратып желіп жөнеледі. Аузындағы жез сырнайын шыңғырлатып: «жолды босат» деген ышаратпен гудок береді. Паровозы ақырып, тоқсан үйлі қаладан тобықтай тоң қалдырмайтын отарба бұл емес; қомдаған түйе, ыңыршақтаған өгіз бұл емес. Бұлар жұмыс арбалары, вагонеткелер; атамзаманғы айуан көлігі мен машина мінген заманның ортасындағы арбашықтар. Жұмыстың көбін осылар бітіріп келеді.

Жұмыс қызу, қарқыны жылдам. Күнінде төрт километр жерге көшпелі қала көшіп қонады. Ежелден еркін жатқан жабайы жапаннан еңбек жорығы күніне төрт километр жерді өзіне бағындырады. Бауырына басады. Социалистік құрылыстың жабдығына жаратады.

Жұмыс тәртібі жоғарғыдай.

Біреуге біреу сеп. Біреуге біреу жолдас. Біреу топырағын жайып, біреу төсегін салып, біреу шегесін қағады; біреу жабдығын жеткізіп тұр. Бір жұмысшы қарап тұруға мұршасы келмейді. Жұмыс жағдайы осындай. Егер жүк тасушы кідірсе, рельс салынбайды, шеге қағылмайды; біреуінің тоқтауы бәріне де шалығын тигізеді. Жұмыс қолма қол. Жұмысшылар шынығып алған. Әр артель, әр топ, әр

жұмысшы үлкен машинаның винті сықылды.

Жұмыстан кейін түскі дамыл болды. Дамылдан соң социалдық жарыс туралы жұмысшылардың жалпы жиылысы: «Бізде жұмысшы жұртшылығы күшті. Тәртіпсіздік, маскүнемдік жоқ. Бір шегені шетке шығармадық, шығармаймыз. Жұмыс қарқыны күніне — төрт километр. Бізбен жарысатын дәмелі — жарысқа түссін!» — деп жан-жаққа телеграмм соқты.

Көшпелі қаланың бастығымен әңгімелестік. Ол өзі жұмысшы, партия мүшесі, оны жұмысшылар сүйеді; жұмысшыларды ол сүйеді. Көшпелі қала бастығын көргенде қажырлы, қайраты, төңкерісшіл, көпке ұйытқы, байыпты басшыны көресің. Қырағы, іскер, талантты ұйымдастырушыны көресің. Социалдық негізді жаңа шаруа дәуірінің табанды жасаушысын көресің. Социалдық өмір жүзіндегі ерді көресің.

Бұндағы қазақ жұмысшыларының бәрі де шат, бәрі де разы. Еңсесі көтеріңкі. Еңбегі өнімді; ашылған, ысылған. Жан күйттеушілік, жасқаншақтық, қарабасымшылық — бұларда байқалмайды. Сұрауларында, көбінесе, жалпы мәселелерді, негізді мәселелерді қозғайды.

Тегінде, еңбек жағдайы адам мінезін өзгертпей қоятын емес екендігіне осы укладкада

істеген, азда болса, қазақ жұмысшыларымен әңгімелескенде көзім жетті. Мысалға Нұрбекті алуға болады. Ол:

— Мен Ташкент жолында жұмыс істедім, жүкші болдым, күзетші болдым. Кейін Әулиеата, Пішпек жолдарында жұмыс істедім. Жер қаздым. Тас қашадым. Былтырғы жылдан бері осы жолдың, осы табан төсеу жұмысындамын. Бұл жұмысты басында ауырлап едік. Бұл күнде әбден шынығып кеттік. Дағдалып, істемек, сағынып тұра алмайтын болдық. Басқа жұмыс істегіміз келмейді. Тегі бейнет қылған кісіге қызметтің қиыны болмайды екен. Ерінбесе екі қол бітірмейтін жұмыс жоқ.

— Тұрмысың қалай?

— Он сағат жұмыс істейміз. Күніне кейде жеті сомнан айналады. Жұмыс киімін толық алдық.

— Сауатың?

— Сауатым бар. Жолда істегелі қара танып, газет оқитын болдым. Латынды үйрене алғамыз жоқ. Мұғалім келмеді. Орысша тілді бір кісідей білем...— деді.

Нұрбек осыны айтқанда еркін отырып, сенімді сөйледі. Қасындағы Әбітайлар да «біздің жайымыз да осы» дегендей қостап отырды.

Нұрбек — қазақ, Сәрсембай баласы, Ташкент темір жолының ескі жұмысшысы. Он бес жасынан шойын жол жұмысында шыныққан. Еңбек қазанында қайнаған, піскен. Жұмысқа берілген, жайдары, өткір, еңбегінен, ісінен разы. «Өз жұмысым» дегенде ынталы, ұқыпты.

Нұрбекті көргенде қазақ еңбекшілерінің шын таянышын, шын сүйенішін көресің. Ұлы жолдың жұмысындағы болашағы күшті, жалынды, жігерлі жұмысшыны көресің.

Жоғарғы:

— Әс! Дә! Зәл!

Осы Нұрбектің командасы еді. Айдаланың кешкі іңіріндегі екіленген еңбек майданындағы оның даусы әлі құлақтан кетпейді. Ол дауыс — біздің қырға жаңа дауыс, жігерлі дауыс, күшті дауыс. Кеңесті дабыл дауыс:

— Әс! Дә! Зәл!

Бұл дала жаңғыртқан жаңғырық!

## БЕЙСЕТАЙ БРИГАДАСЫ

Таудың сайына кіре берістегі жолда бір топ адам келеді. Атты екі-екіден парлап, төрт арбаға тиелген. Күрең құнанға мінген Бейсетай әудем жерде аналардан озып, алда келеді. Жолдың жағалау жағы сай. Сай суының шуы құлаққа еміс-еміс қана естіледі. Жолдың оң жағы таудың қарталанып жатқан бірнеше жоталы тұмсықтары солбырап келіп осы арбалар келе жатқан жердің бір жағын қоршап алғандай. Қары жаңа кеткен тау әлі қара күрең жазғыр. Тек жыра жырадағы тобылғы ғана көгеріс тартып, тау жоталарында жасыл жасандық байқалғандай.

Арбадағылар ән салып, өлең айтып келеді. Өлеңді ойдан жіберетін Жапар қасына Малбосынды қосып алып, бір тәтті әнді құйқылжытады:

Қоңырау, қарың қайда омбылатқан,  
Сай қайда суық соғып суы қатқан?  
Шаттанып жақсы жазға ән салады,  
Саянда салқын бұлақ орғып жатқан.



Өзгелер әннің қайырмасын тақ-тақ еткізіп түгел көтереді:

Партия бастап,  
Еңбекші қостап,  
Жаңадан жасап,  
Ескіні тастап,  
Кел, комсомолдар, ау-эй...

Жапар және бастайды:

Батыр жоқ Қожекедей айқайлаған,  
Бай қайда байғұстарды малша айдаған.  
Колхоздың құтты қоныс, әсем тауын,  
Бауырлап тракторлар, жер жайнаған.

Тағы дүрмек дауысы:

Партия бастап,  
Еңбекші қостап,  
Жаңадан жасап,  
Ескіні тастап,  
Кел, комсомолдар, ау-ай...

Осындай ән, өлеңдермен қыстайғы қардан арылып, жақсы жазды жамылып тұрған Қоңыртаудың қабағы қуанғандай, тау басында бір шүйке тұман жоқ. Күннің өткір көзі күлімдеп, тақ төбеге таласып келеді. Таудан азырақ леп бар.

— Ау, Жапар, жібер! — деп қойды Ердембай.

Саршыбыл малға жайлы сала-сала,  
Қолайлы соқа салса, бауры дала.  
Мал іші, егін басы ән салғандар,  
Комсомол — колхоздағы қыз, бозбала.—

деп, Жапар мен Малбосын толқытса, «Партия бастап»... деп, оларға хор қосылады.

Бұлар осы дабырмен біраз жер жүрді. Жері мол жер осы-ау деген деңгейде Бейсетай жолдан бұрылды. Артынан арбалылар тартты. Сулы сайға солбырыңқырап жатқан жота қырдың күңгейлеу жеріндегі бір жазаңдау қойнауына келіп:

— Осы ара,— деді.

Арбадағылар аударылып түсіп жатыр.

— Келіп те қалғанымыз ба? — деді Жапар.

— Жүре бергенге ерінетін емессің-ау өзің,— деді оған Ырысбала.

— Осы жолмен Қастек асып кетсек те, қайда барамыз дейтін емес қой, мынау,— деді Күлжан.

— Біраз күнге біздің мекен осы болар,— деді Бейсетай, аттан түсіп жатып.

Арба толған азық-түлік, киім-кешек, жабдық, сайман топыр-топыр түсірілді. Көп кешікпей кейінгі жүкпен жүргендер де жетті. Жүк түсіріліп, екі үйдің шаңырағы көтерілді. Ойнап күлген өңшең қыз, бозбаланың ұзын саны отыз жеті кісі. Көтерілген шаңыраққа

уықты бірден шанышқанда да қоя ма? Тезден-ақ уықтар шаншылып, туырлық ұсталып, үзігі жабылып қалды. Жазғасалым жаңа жерге тігілген үйдің сыртқы көрінісі түгіл, іші қандай көңілді. Киіз, көрпені төсеп жіберіп, әркім өз жапсарын ыңғайлап, төсек-орнын реттеп, киім-кешегін ілгіштеп жатыр. Бригаданың қолдағы көлігін күзетуге келген Ердембай да, бір сүбелі жерді өзіне бөліп, қоңыр тонын бүктеп, іргеге нығыздаңқырап қойды. Жапардың домбырасы да уықтың қарнына қыстырылып қалыпты.

— Біреулерің жерошақ қазып жіберіңдер,— деді Рәш жеңгей өз міндетіне ыңғайланып.

— Мен барайын,— деп, рабфактан келген Сәлім шығып барады. Қыстай партаның иығын жауыр қылған Сәлімге, топырағын бұрқыратып жер қазу қызық та шығар...

— Қой, Сәлім сен барма, тісіңе тозаң тиеді,— деп, Ырысбала қалжыңдап қалды.

— Тіске тиген тозаңды өзі де қоймас, ақ талқанды ала келіпті ғой,— деді біреуі.

— Осылар мұрнының шылбырын жия алмайтын жаман балалар еді, оқу деген әулие екен ғой, жып-жинақы болып қалыпты. Сабындап жуынып бойын сылағанда, күйеуін күткен қыз дерсің,— деп, Рәш жеңгей тамса-

нып: — Мынауы несі? Мынауы несі?..— деп, Сәлімнің уық қарнына, кереге басына толтырған нәрселерін үй ішіндегілерге үлестіріп тұр. Біреудің қолында қалбыр, біреуде тіс талқаны, біреуде иісмай, дәптер, қарындаш, суреттер үй ішіне таралып кеткен.

— Сәлім, құртты мыналар,— деп, Бейсетай дауыстап қояды. Оны тыңдаған кісі жоқ, әуес көріп айналдырып жатыр.

— Жабдығы дүниенің малы ғой өзі.

— Осындай қылып суретке түсер ме еді?

— Бұл ненікі? — деді ақ сүйек сапты тіс тазартқышты қолына алған, күзетші шал. Оған Ырысбала білгенсіп:

— Мына ақ талқанды аузына салып, су ұрттайды, мынаумен тісін ысқылайды,— деді.

— Уайт, деген-ай,— деді Рәш.

— Онысы ауызын шайғаны ма? — деп Ердекең қайта сұрады.

— Ия, тіс таза болады,— деді Бейсетай.

— Сірә, онда құрт жемейді-ау, ә?

— Құрттың өзі кірден түседі, тазалап жүрсе, тіс аман болатын көрінеді.

— Қап, біздің заманымызда мұндайлар нағып шықпады екен? Жасымнан аузымды осындаймен жуып, шайып жүрсем, тісіме ие болмақ екем ғой...

— Қанша тісіңіз жоқ, Ердеке?

— Азу жоқ, ақыл тіс те түгел түскен.

— Жас та жетіп қалды ғой, Ердеке, тозған соң...

— Қарағым, қарттықтан деймісің, қанқұрттан да, кемпірдің шөп жұлары да қалмады, елуге енді жетті, әні! — деді шал.

— Қойлекең ауызы да құлаған ұрадай боп ішіне таман жымырая бастапты,— деді Ырыс-бала.

— Қойлекеңде түк тіс жоқ,— деді Бейсетай.

— Солардың жасы жас,— деді Ердекең.

— Түнеугүні МОПР күнінде Қойлекең доклад қылды ғой, өзіміз де күлкі қылып отыра алмадық. Ауызы болпылдап жарма жеген кемпірше таусап тұрғаны бір келіссіз болады екен...

Осындай сөздердің барлығы да апыр-топырдың үстінде айтылып жатты.

Бүгін күн кешкірді, жақсылап жайланып алыңдар, шай ішкен соң арық тартып, осы су жетелеп келуге барамыз. Бүгінгі жұмыс осы,— деді Бейсетай.

Осылар келген арба жолымен жанасалап жатқан арыққа келген суды жаңадан атыз тартып, тігілген үйдің артын айналдыра құлатып жіберді. Жыраға қарай жыламсырап жүгірген су сылдыр-сылдыр етеді. Күн де кешкі-

ріп қалған екен. Қастектің тауы қызыл нұрға оранып сұлай бастады.

Уақыт — ымырт, жаңа жұрт, жаңа тігілген үйлердің жанындағы жаңа жер ошақтан жалпылдап жанған жалыны қып-қызыл болып қырға көрінді.

Бейсатай бригадасы барып қонған екен, — десті қырдағы тракторшылар.

Кешкі тамақты ішкен соң үй артындағы жазаң тауға жастар ойынға шықты.

— Кәні, не ойнаймыз?

— Қара бие.

— Тақия тастамақ.

— Көк бұзау.

— Ақ серек.

Осының бәрін де ойнап көрді. Бәрі де жалықтырды. Тез-тез бастап, тез-тез тастап білген ойынның бірсыпырасы-ақ айналды.

— Сенің әскер ойының бар шығар? — деп, Сәлімді қамажаулады. Бағанадан бұрынғы ауылда ойнаған «Ақ серектермен» құмарланып жүрген Сәлімнің ойына оқудағы ойындары түсіп кетіп:

— Ал, былай-былай тұрыңдар! — деп, кірісіп кетті. Сәлім өзі үйренген Рабфактағы дене шынықтырудың алғашқы сабағынан бастап үйрете бастады. Бұл жаңа ойын, ойнаушыларға біртүрлі таң көрініп, Сәлім команда-

сында күнде ойнайтын болып, тарқауға айналды.

— Ал, ұйықталық, ертең жұмысқа ертерек қол қоятын болалық,— дегенді Бейсетай айтты. Жиналған жастар үйге таман ду жүгіргенде ақын Жапар аспанға қарап қалған екен. Аспандағы ай бүгін ажарланып балқығандай. Жұлдыздар да күндегіден көп жиналған тәрізді.

— Не қып тұрсың? — деді Ырысбала.

— Аспанның әсемін қарашы... Маған жақын сықылды... Тіпті жақын...

— Осы жұлдыз деген от па екен, қарашы жанып тұрғандай...

— Жұлдыз дегендер, олар да осы жер сияқты, дүниелер,— деді Сәлім.

— Мына сөздің жаны бар! Аспан маған жер сияқты көрінеді. Анау айдың айналасындағы жұлдыздар жыбырлап тұр. Кәдімгі біздің бригадамыз. Айды қарашы, Бейсетай ма, Сәлім бе? Бәлкім олар да дене шынықтыруға шыққан шығар,— деді Жапар.

— Жарар, жарар, қиялданба, үйге кір де ұйқта! Ертең қайқалақтап қалып күттіресің,— деді Бейсетай.

Бригаданың жарымына жақыны әйел. Ердембай мен Рәш жеңгейден басқасы өрімдей жастар. Жұмысты жапыра түсетіндер. Бәрі

де малдың соңында, соқаның соңында шыныққандар. Арық аршып, арба жеккен әйелдер де аз емес. Қай жұмысқа болса да қайрылған асылдай тасқа түскелі тұрған жалынды жігерлі екендігін сұрамай білдіргендей. Қабақтары жарқын, шырайлары шат, мерейлері үстем. Бұлардың ойын, күлкісі еңбек үстінде, жұмыс басында сияқты. Бригаданың қосы әрі еңбек, әрі сабақ, әрі сауық сияқты.

Бригаданың ортасында он екі қалып бар. Екі бөлмелі, екі кісілік қалыптарды бір жолы төңкергенде 24 кірпіш құйылады. Кірпіші қандай, шілдің тезегіндей ұсақ кірпіш емес. «Ауп!» деп қалыпты төңкергенде үлкен шамадандай кірпіштерді тастап-тастап жүре береді. Он екі қалыпта 24 кісі десеңіз, арасындағы жарыс алтау:

— Кімнің қалыбы күніне мың шығарады?

Бригаданың бірсыпырасы лайда, қол қаурыт қойылған. Тау бүйірі тесіліп, боз топырақ езіліп жатыр. Атызбен су келіп сылдырлап балшық қырманға құйылса, «болды» дегенде судың бетін бұра салады. Балшық қырмандағы екі аттың үстіндегі балалар қамшылап ойнап бірінің атын бірі айдайды. Кезек-кезек декламация айтып, ән салады. Бұлар ән салып, мектептен үйренген декламацияларын



сөйлесе, күректер жерді өктемірек сүймеңдеп, кірпіш құйған қалыптар лып-лып етеді.

Білек өз жұмысында, ауыз, пікір өзінше — сауық, ойын, күлкі, сөйленбеген сөз болмайды. Сөздер қақтығып келіп колхоздың атынан шықты.

— «Талап» деп тауып қойылған, құр талап қана емес, «Еңбекшінің талабы» дұрыс емес пе? — деді Бейсетай қырмандағы балшықтың шетін күрекпен көтеріп жүріп.

— «Таудай талап, бармақтай бақ» — деп бұрынғылар айтқан, — деді, Ердембай қырманға жіберілген суды бұрып жатып.

— Сіз байдың мақалын айтып жүрсіз, кәрие! — деп, Сәлім көзі ашықтық қылды.

— Бай-сайыңды білмеймін, бұрынғының айтқаны ғой, балам!

— Бұл байдың мақалы: «Таудай талап бергенше, бармақтай бақ берсін» деген бұрынғының байлары. Не деген мазмұнда? Бақ не? Қара халықтың ұғымында бақ — дәулет, дәреже болса, оны беретін кім, құдай ма? Егер құдай беретін болса, адам неге әуреленіп еңбек қылады? Талаптанбай-ақ қойса болмай ма? Бұл байлардың шығарғаны. Құдай сүйген адамына талап қылмаса да бақ береді. Құдай сүймеген адамына талабы таудай болса да түк бермейді. Осы дұрыс па? Жоқ, жолдастар, біз

енді бұл өтірікті білеміз. Адам баласы бақытты еңбек арқылы табады. Талап деген — еңбек.

— Бәлкім кедей шығарған мақал шығар,— деді Бейсетай.

— Рас, кедейге келіңкіремейді,— деп, Жапар қыстырылып қалды.

— Кедейге неге келмесін? Өміріне еңбекті істеп-істеп талабынан түк шықпаған соң жаны кейіп айтқан шығар,— деді Бейсетай.

— Онда бақ деген өтірікке неге қол қойған кедей? — деп, Сәлім Бейсетайды бөгегісі келіп еді, оған Бейсетай да бола қоятын болмады.

— Бай заманында кім кедейдің көзіне балшық жақпады? Бақсы да, би де, молда да байлардың бақытты адам екенін айта берген емес пе? Олар оны құдай атты деп сарнап тұрса, кедей нанбасқа жол қайсы? Онда Сәлім сияқты комсомолдар болмаған шығар...— дегенде:

— Жоқ, болған шығар...— деп, Ырысбала Сәлімді кекеп қойды.

Бригада қатты қимылдады. Қызумен істелген жұмыста жан қинала ма, ойын, күлкі, жарыс, бәсекемен керекті кірпіштің құйылып болғанын Бейсетай айтпаса өзгелері білмей де қалып еді.

Бас-аяғы он бір күн дегенде Бейсетай бригадасы жұмысына қорытынды жасады. Қанша кірпіш құйылғандығын, кімнің қандай істегендігін, әркімнің еңбек күні нешеу болғандығын Бейсетай жазып жүрген екен, көбінің ортасына салды. Он екі қалыпшы, күректегі төртеу, үш кетпенші, күзетші, сушы, қазаншы — бәрі де жұмыс мөлшерін асыра орындап, еңбек күндерін санағанда екпінді болып шықты. Қалыптың тоғызы тынбастан мыңнан шығарып отырыпты. Өзгелері де осыған құйрық тістесіп отырған. Ең аяғы Малбосындікі — күніне сегіз жүз жетпістен айналдырған. Мұндай дүрілдеген дүрмекпен кіріскен қолға жұмыс шыдай ма? Бригадирге кірпішті құйып беруге колхоз басқармасынан берілген күн он сегіз еді, он бір күнде жиын-терін қылды. Осы есептен бригаданың өзі де, адамдары да нормасынан артық істеді. Енді екпінді демеске жол қайсы?

Қыз комсомолдар, қыздан болған кішкене келіншектер, жұмыста ұл комсомолдардан оқы соққан жоқ. Қайта Ырысбала мен Сәлімді салыстырып келгенде, Ырысбаланың екі жарым еңбек күні артылып шықты. Бригаданың жиылысында Бейсетай осы есепті айтқанда комсомолдар ду күлді:

— Ұят-ай, Сәлім, ұят-ай, — десті.

— Ақ орамалды алып, «эптира» қылам деп, бұлаққа кете беруші еді, мына қыз сонда соққан екен ғой,— деп Күлжан күліп алды. Сәлім:

— Әзір мақтанба, қалада көрерміз,— деп қалжыңға сүйенгенсіді, сүйтсе де, қызарақтап қалып еді.

Бұдан кейін, Бейсетай бригадасы кірпіш құйған жерге бірнеше рет келді. Кейде түгел, кейде кезектесіп жұмыс істеді. Әсіресе, бригаданың ұйымдастырған комсомол сембілігі өте қызық болды. Бұл сембілікке комсомолдан басқа да жастар, колхозшылар көп қатынасқан еді. Сембілік, жұмыс үстіндегі тайдай топыр болып таудың бетін алып жатқан қалың кірпішті ертеңнен кешке шейін жинап кетісті.

Соқа тісі жерден суырылғанда Бейсетай бригадасы кірпіш басына қайта қонды. Кірпіштің құюынан да қалауы қызық болады. Қалау мезгілінде комсомолдарға колхозшылардан да адам қосылып, істеушілердің саны елудің ішіне кіріп кеткен. Екі өгіз арба кірпішті тасып тұр. Саңғырлап кепкен ақ кірпіш сандықтай болып қаланып барады. Қалаушы халық көп. Біреулері кірпіш әперіп, біреулері лай жасап, біреулері қалап жатыр.

Ауызын күнге қаратып көлденең жатқан таумен жарыстыра қалғандай ұзын қора. Қо-

раның төрт керегесін өлшеп отырып, Бейсетай қалаушыларға бөліп берген. Кірпіш жарыспен алынып, жарыспен салынады. Бұл жұмысты көргенде, кәдімгі байшешектің балын жиып, ол балына ұя соққан ара дерсің. Қол жұмыста, ауыз әзілде, езу күлкіде. Бейне араның дауысындай ду-ду етеді.

Ырысбаланың тілі удай. Әсіресе, Сәлімнің иығынан түспейді... Сықақ қылғанда, көбінесе ниеті, Сәлімді сүйіндіру. Сәлімнің ұсақ-түйек қылығының бәрін де Ырысбала қылға тізіп көптің алдында айтып тұруға біртүрлі көзігіп алған. Екеуі ұдай қалжыңдасып, кейде Сәлім сүйегінен өтіп кеткен сөзге қабағы күреңденіп те қалады.

Бүгін Сәлімге Жапар болысты. Ол жұмыс үстінде ән салады. Жапардың сырнайдай сыңғыраған әдемі дауысы бар. Жапар ән салса, жұмысқа одан әрі жан кіреді. Жапар әнінің аяғын өзгелері бір ауыздан көтеріп жібереді. Жапар орын ауыстырып, бүгін Сәлімге парласып қалаушы бола қапты. Жапарлардың қалайтын қабырғасы Ырысбаламен жапсарлас. Жапар әдейі келіп Ырысбалаға таяу жерден түсті. Кім білер, бәлкім өткір тілді Жапар Сәлімге папиросқа сатылған шығар. Әйтеуір келгеннен Ырысбалаларға соқтыға келді:

— Айтамын, айт дегеннен Ырысбала,  
Білгенің жас болғанда жұмыс қана.  
Қаусырған жаман қатын жабуындай  
Қылмастан, кірпішіңді жөндеп қала!

Ырысбала ойдан айтатын өлеңге шорқақ еді. Үйретінді өлеңді айтуға қару болмайтын болды. Аң-таң боп тұрып:

— Саған не жоқ, өз орныңа бар! — деді.

— Айтысамыз сенімен! — деді.

— Айт, айт, тартынба! — деген дауыстар кеу-кеулей бастады. Сәлім, Жапарлардың құлығының құлағын көріп қалған Бейсетай барды да, Кұлжанды алып келіп, Ырысбаланың қасына қосты. Кұлжан қызарыңқырап, тартына-тартына келсе де, Сәлімдердің өңмендеп тұрғанын көрген соң делебесі қозып кетті. Қашаннан «Талап» әйелдерінің жұмыста салатын «Аюгей-гей» бір ашық ән, жұмысқа дем беретін; аяғындағы қайырмасы да ырғақты. Кұлжан мен Ырысбала қосылып соқты:

— Сұрасаң менің атым, Ырысбала,  
Білгенім жас болсам да жұмыс қана.  
Байқап бас аяғыңды екі-ай жолдас,  
Ырысжан ұлдан асыл, құрыш бала!

— Ал, енді не беттеріңді айтар екенсіңдер?  
--- Мыналар, өлтіреді, оларды...

— Жапар да болмас,— деген дауыстар гу-  
гу етті. Қол жұмыста, ауыз әнде. Жапарлар  
да жіберді:

— Қолында Ырысжанның кірпіші бар,  
Кірпіштен қора соққан жылқысы бар.  
Бітеді біздің жұмыс уағында,  
Жатқанда ұйқтап сіздер ұйқышылар.

— Табады Жапар! — деді Бейсетай.  
Жапар, Сәлім көтерілгенше, Кұлжандар  
және жіберді:

— Жүрмісің есен-аман, Сәлім шырақ,  
Жетіпті Жапар ағаң жалғызсырап.  
Меруерттей ақ тісіңе тозаң тиер,  
Қайт, Сәлім, ақ талқанды аузыңа жақ!

Жұмысшылар ду күлді. Сәлім қызарақтап  
қалса да, Жапар жетегіне алып, баспалатып  
біраз соғып-соғып жіберді.

— Сендер борандатып бұлтаққа салсаңдар  
да, әндеріңнен адасып қалдыңдар, ол да сү-  
рінгенге тән,— деді.— Ердекең де тұр екен.

— Ердекең билігі-билік,— деді Бейсетай.

Күнде осындай ойын, күлкі сауықпен жүріп  
қалау да бітті. Қалау жүрместен бұрын брига-  
ның 3-4 мүшесі ағаш, шөп тасып үлгірткен.  
Келген ағашты сыптығырлап бұтап, сидамдап  
шауып Ырыскелді деген колхозшы жалақтап

жүр. Қораның керегесі, ақыры қаланып біткен соң бір жола қайтуға бригада бел байлаған. Жабыла қолды қойып еді, күн жарымда жауып та үлгірді. «Қора бүгін бітеді» — деген хабар колхозға барған соң, колхоз бастығы Абдықадыр болып колхоздан бірнеше адам жұмыс басына жүрді. Бұлардың келе жатқанын қорадағылар көш жерден көріп тұрған еді, жақындағанда жастар қорадан жабырлай шықты.

— О, екпінділер, аман ба? — деп, зор дауысымен Абдықадыр бір-ақ амандасты.

— Қораны қаралық,— деп, Абдықадырлар солай тартты.

Жаңа қора — кең сарай, қашасы мен түбіне тай шаптырым. Керегесі желі бойы биік. Кіріпш көк керіш тастай. Абдықадыр қамшысының сабымен тоқылдатып еді, тасқа тигендей шық-шық етеді.

— Жарайды, жұмыстарың, балалар! — деді Абдықадыр.

Төбесі күмбез биік, түйенің беліндей тұтас қарағайлар, бұқа мойын теректерге таяна-таяна жатысыпты. Қолдың саласындай шарбақтың ара-арасынан сырған көрпенің мақтасындай шөп жамылшы көрінеді.

— Өмірде су өтпес бұдан,— деді Ырыскелді.



— Қайдан, жамылшы шөптің өзі бір метр қалыңдығы, оның үстіне тізеден топырақ төгіліп, сары балшықпен сыланған.

— Тамшы да тамбас! — деді Ырысбала.

Қораның ішкі әдісі: айнала қаланған ұзын ақыр. Шөпті жағалай салғанда екі жүз елу жылқы жұмырына жұқ болатын емес.

— Жарайды, жас жолдастар. Комсомол болса, сендердей болсын. Былтыр жылқымыздың қорасы болмай, биеміздің көбі іш тастап кеткен жоқ па? Енді биыл «Талаптың» көргенін аудан да көрмейді! — деді Абдырақман.

— Жұт бізге биыл келсінші! — деді Малбосын.

Абдырақман комсомолдардың жақсы көретін ағасы, коммунист. Өзгелер қораның о-бұ жерін сөз қылып тұрғанда оның сұр бетіне қан жүгіріп, өзге бір ойларға кетіп еді:

— Міне, енді «Талап» талабына жете бастады. Колхоз малы енді мал болады. Осы тұрған жас колхозшылар, мына қимылымен қалай көгертпейді? Бұрын «Талап» жеті үйден құралып, бай, кулактың, банданың талай талапайына түскенде осындай жігерлі, жас талапты деп пе едік? Осы қораны өз қаулысымен қолға алып еді, жып-жинақы, жып-жылы жылқы қора, кең сарай.

Мұндай қора Қастек жылқысына қашан бітіп еді? Қастектің бұрынғы Кашке, Қараш батыры, Қалтабай, Қырбай сияқты соңғы байларының жылқысы өмірінде мұндай қораны көріп пе еді? Олардың жылқысы қыстай қар теуіп, биенің көбі қысырап береке болушы ма еді? Жылқы байғұс тисе жаудың, соқса желдің алдында, жылқышы қар төсеніп, мұз жастанып, жұтпен, қасқырмен алысып қысты өткізбеуші ме еді?.. Ия, мынау колхоз қорасы. Қораның айналасы пішендік, тұнық сулы суаты мына жағында. Жерге қар бекіген соң-ақ ішті биелер, тай, құлындар тұмсығын шөпке тығады да тұрады. Жылқы жүдемек түгіл, түгін тартса майы шығып, қыстан түгел шықпай ма?..

Абдырақманның ойын Жапар бұзып жіберді:

— Ағай, біздің бригаданың бәйгесін беріңіздер! — деді.

— Бәйгең дайын! Ертең колхоз ортасында Бейсетайдың баяндамасы болады, — деді, Абдырақманға таяу тұрған колхоз бастығы Абдықадыр.

— Мал иесі осылар екен! — деді Абдырақман.

— Басында осыларға, өзіміз анық сене қоймаған кісілер едік. Несін айтайық, дырдумен

айтылып жатқан сөз ғой, басталып, тастала-тын бір шаруа шығар,— деп ойлап-ек, басында,— деді колхоз бастығы.

— Рас, ағай, сіздің сондайыңыз болды,— деп, Бейсетай күлді.

— Жоқ, мен сонда-ақ бұларға сенімім болған; бұлар қолға алған соң қоя ма, жас большевик дегендер осылар емес пе? — деді Абдырақман.

— Қалай да үлкен жұмыс, үлкен жұмыс,— деді колхоз бастығы.

— Үлкен болғанда үлгілі жұмыс, бұларың, алдымыздағы өлкелік екпінді малшылардың тобына бригадаларыңнан біреуіңді өкіл қылып жібереміз,— деді Абдырақман.

Тұрған комсомолдар елеңдеп: «Кім барады?», «кім?», «кім?» — десіп қалды.

— Партия және үкімет бастықтарының алдарына шығып: «Міне комсомолдарыңыз, мал өсіру туралы сіздің айтқан сөзіңізді осылай орындадық» деп, жарып айтатын кім? Сол барады,— деді.

— Айтамыз, айтамыз,— десіп шу-шу етті комсомолдар.

Қораның бітісіне деп, жылқы ауылдан жіберілген қымыздан екі месті еселеп ішісті.

Күн кешкірді. Келгендер атқа қонды. Ат үстінде тұрып Абдықадыр:

— Жылқының қорасы бітті, енді пішенді ойлайтын шығармыз? — деді. Оған Бейсетай:

— Ай туа көшеміз, — деді.

— Сүйтіңдер, шырақтарым! — десіп, Абдықадыр, Абдырақмандар жүріп кетті.

• Қораны бір жолата бітіріп босанған бригада күн батарда ойынға шықты. Алысты, жарысты, әскер ойнын ойнады. Біреуді біреу қаққылап қалжың, әзілге кірісті. Жапар ән салып, Ырыскелді домбыра тартты. Ойынкүлкінің үстінде тамақ ішіліп бола бергенде, колхоздан көлік те келіп қалып еді. Қора қыстақтың биігінен ақырындап ай асқанда, бригаданың қолы бет-бетімен үйге тиді. Әп-сәтте үй жығылып, бөлек-бөлек жүк болып арбаға түсіп жатыр. Топырлап арбаға мінген жастар, түнде таудың басын әңкі-тәңкі қылып дабырлап, жолға түсті. Жол үстінде Бейсетай:

— Жолдастар, қос тарқар жасап, қызық қылмаймыз ба? — деді.

— Жапар бастасын!

— Ал, жібер, Жапар! — десті дауыстар.

«Жіберге» Жапар тоқталған ба?

— Біз басталық, сендер көтеріңдер — деп, әнді шырқатты:

Жол жақсы тастақ жерде тақылдаған,  
Ай жақсы аспандағы жарқылдаған.

Біздей бол, екпіндесең, комсомолдар,  
Жұмыста жарыспенен қарқындаған.—

дегенде өзгелері көтеріп кетті:

Партия бастап,  
Еңбекші қостап,  
Жаңадан жасап,  
Кел, комсомолдар, ау-эй...

Тағы Жапар:

Сарайдай сол қораны салдық малға,  
Қорғауға қамқорлық қып жау, жұттан да,  
Біз колхоз қора салып, мал өсірген,  
Жүрместен тозып қырда, қаңғып тауда.

Партия бастап,  
Еңбекші қостап,  
Жаңадан жасап,  
Ескіні тастап.  
Кел, комсомолдар, ау-эй...

деп, күшті дүрмек көтеріп кеткенде талмау-  
рап ұйықтаған таудың бауыры солқ-солқ етті.

— Соқ, қарағым,— деді, Рәш жеңгей, арба-  
дағы жүктің үстінде отырып. Жапар соғып  
келеді:

Жылқыға біздің соққан қора қандай,  
Қайрылып колхозшылар қарағандай.  
Бозбала өлең соқсаң өзімдей соқ,  
Жабылып жастар кірпіш қалағандай.

Әнінің аяғын дауыстар дірілдетіп тағы көтереді.

Әр-беріден соң Жапар жайына қалып, әр арбадан ән шырқалды. Қаланың да, даланың да жаңа әндеріне салып, түңгі жолдың үстін, үлкен мерекеге айналдырды. Сәлім де қара жаяу болып шықпады. «Жаңа күй» деген бір өлеңді желдіргенде жастар құмарланып қайта-қайта айттырды. Бұлардың шуынан түңгі таудың бауыры дүрілдеп, Бейсетай бригадасы колхозға қайтып бара жатты.

## НАУШАТАЙ

Қар қалың, таудың қуысы, жалғыз тал отын жоқ, азық жоқ, ашаршылық. Қыстау Қызылағаш атты сайда. Сайдан сарқырап су ағады. Жілігі татитын малды жеп бітіріп отырған үй.

Ат, атан, шөп, астық, соғымның еті, киіз, көрпе, жастық, қап, арқан — бәрінен де ауыл жылан жалағандай таза. Сыпырып алып қойған ақтың адамы, алаштың әскері...

Ауыл төңірегінде мал жоқ; малдың шиыры да жоқ. Мал біткен, жануардан жалғыз сынық мүйіз ала сиыр, көкала қаншық. Ала сиыр алшақтап туғалы тұр. Көкала қаншық аш бұралып жүр. Ауылда үш үй, үш үйдің ортасында күндіз жалғыз соқыр кемпірді көресің. Кемпірдің көзі ақ, құлағы сақ.

— Ауыл адамы қайда?

— Ауыл адамы алыста емес. Мына кемпірдің азамат баласы Таңатар, анау жатқан. Жамылған топырақтың түсі де бозарған жоқ.

Ақтар атқан. Неге атқаны белгісіз. Сүйегін жолаушы көрген екен.

Анау бір қараша үйдің иесі Келдігүл, міне бір жатқан. Лауда жүріп боранда өлген. Мұны қойғалы төрт-ақ күн.

Сол.

— Қалған адамдары қайда?

— Қалған адамдары да алыс емес. Анау ауылдың артындағы тас-тастың арасында жатқан солар. Оларда зәре жоқ. Үрей ұшқан. Жалғыз зеңбіректі ғана естиді. Көзі көк мылтықты ажалды ғана көреді. Онан басқа өзге үмітті өмір, жылы жан елестемейді. Бұлар тағы болғандар. Бұлар таңды таудың қойнында атырады; күнді тастың астында батырады. Бұлар аң. Күн батқан соң жылып, жасырынып, соқыр кемпір баққан үйлеріне келіп, бір-бірінің амандығын біліседі.

— Әже, бүгін ауылға келген аттылар кім екен? — деді кемпірдің немере қызы Маржан. Маржан да аң-таң. Он бестегі өмір осы оттың ішінде.

— Ой-бай, білмеймін, шырағым. Мен оларды көрем бе? Ит үрді... Тасырлап ауылға шауып келді... Салдырлап үйге кірді... Білмеймін, біреуі қазақ баласы ғой деймін...

— Бұл ауылдың адамы қайда? — деді.

— Бәрі патсаның лауын тартып кетті! —



дедім. Орысы теуіп қалды, талып қалыппын...

Үй іші тағы жыласты, тағы қараңғылық басты... Бұлар жылт еткенді көрсетпейді...

Түн ортасы ауа бергенде көкала қаншық шәу ете түсті... Сатыр-сұтыр мылтық атылды... Ауылға оншақты солдат сау ете түсті...

Әр үйде екіден, үштен адам бар. Еркек жоқ. Екі үйде екі келіншек: бір келіншектің емшек баласы бар. Бір үйде Маржан, Маржанның соқыр шешесі Дәметкен, Маржанның тете інісі ғана бар, адам осы. Ауылдың еркектері жер астында...

Ауыл ойран-топан...

Сазарып сары таң атты. Сайдың қоңыр, қоңырқай оба тастарына ауылдың маңынан ұшып шыққан қанды тұмсық қарғалар қонды. Қарқылдады. Бірін-бірі шақырды:

— Қа-а-ақ, қа-а-ақ! Қақ-а-ақ, қа-а-ақ! — десті.

Расында солай еді. Ауылдан шыға берісте шашы жалбырап, көкпар лақтай Маржан жатыр еді. Өндіршегінен істік қадалып, күлді қауіп кемпір жатыр. Ат қораның аузында көрші үйдің қатыны төңкеріліп жатыр.

Ауыл артындағы бетте көкала қаншық тыраюлы. Кемпірдің ұзатқан қызы, әдемі Жәмилені ала сиырға миңгізіп айдап кеткен сияқты. Қарғалар бірін-бірі осы ауылдың «қызылына» шақырып еді.

Күн шыға бұл жерге өңшең мылтықты, сұр шинелді атты әскер екпіні желдей зулап ауыл үстіне келді. Ауыл түрі әлігі. Бұларда тілдесуге тірі пенде болмады. Буы бұрқыраған жас қанды, жаңа ғана тышқан аттың боғын көрісіп, жаудың ізіне түсіп саулап кетті. Астында желдей ескен аты бар Наушатай ауыл айналасында бытырап жатқан өліктерді ат үстінен бір-бір көрді де:

— Сендер, бетін жасырыңдар,— деп жауды қуған әскер артынан шауып кетті.

Екі қазақ, бір орыс жігіті ауыл маңындағы өліктерді жинастырып, бұрынғы қабырлардың қасынан үлкен апан көр қазды. Соқыр кемпірді, келіншекті, Маржанды, Маржанның інісі Мұратты айқастыра салды. Көкала иттен басқаның сүйегі қалған жоқ.

Бұл үш адам Қызылағаш сайына өліктерді орналастырып болғанда, қуғыншылардан екі кісі қайтты. Жауға жолда жеткен екен...

— Жауды алдық қой! — десті. Көп атысып, ақтарды торғайдай тоздырыпты. Қызыл партизандардан бір орыс, бір қазақ жігіті оқ-

қа ұшыпты. Ақтардың бәрін қозы құрық етіп қырып салыпты. Алып кеткен келіншекті ақтар шауып кетіпті. Ала сиыр аман. Екі атты кісінің артынан еріп жұртқа келген екен, иесіз ауылдың төбесін көрді де мөңіреп қоя берді.

Қайтқан екі кісінің бірі — Наушатай еді, Наушатай аттан түсті, атын жолдасына ұстап берді. Мойнындағы мылтығын да алмастан, жаңа көмілген топырақты құшақтап сылқ ете түсті. Ердің буыны енді босады. Кектенген жаудан жаңа жал тапқан жігері енді қайран болды. Ақ сүтін берген кәрі, соқыр анасының, балғын бота қарындасының қабырын құшақтап егіліп жылады; сөгіліп көзін бұлады.

— Қой, жылама, осылай болмаса тартыс бола ма! — деп жолдастары Әбу мен Иван екі жақтап сүйеп басын көтерді.

— Қой, жүр, мә атың! Мә қамшың! Босама деп, жолдастары атын көлденең тарта берді... Шапшаң атқа міністі. Ақтардың алыста тозғындап қашқан әскерінің жалғыз-жарым шашырандысы болса, тағы қалған елді шауып кетер деп, ел қорғаны ерлер шапқыласып ел шетіне шыға берді.

Сол Қызылағашта бүгін өзге түр, оның сөзі сарқыраған, нұры жарқыраған, коллектив-

ке ұйысқан. Жаңа қыстаулардың түтіні бұрқыраған. Бір тайпы ел бір коллектив болыпты. Бала мәз, қатын қарық.

Қолдарында қызыл жалау, пар ат жеккен шанаға отырған үш жас жігітті бір топ адам Қызылағаш сайының қабағына таман шығарып келеді.

Алдында Алатау, тау жақта бұлдырап қалған ағаш көрінеді. Шанадағыларды шығарысқан көп дөңге шығып тоқтады. Көптің көзі сөз сенікі дегендей Наушатайға қарады. Наушатай қайнап, тасып қоя берді.

— Жолдастар, бүгінгі күнге жеттік, бұдан он жыл бұрын... (жылап жіберді) бір ауылдан жалғыз мен-ақ қалғам... Ақ пен алаш өлтірген... Олардың топырағы анау... Бүгін біз өзге жұртпыз, жауды жеңеміз. Өзіміздікін жасағанбыз. Міне, жастар, сендер енді жасағанды сақтауға, жаудан қорғауға барасыздар...

— Жолдарың болсын!

— Жауға бас көтертпе!

— Жасаған ісімізді қорға!

— Біздің коллективіміздің өркендеуіне күзетте болыңдар! — деді.

Коллектив бастығы Наушатайдың бұл сөзіне әскерге бара жатқан үш бозбала:

— Біз дайын! — деді.

Жансүгіров Ілияс.  
**МЕРГЕН, БӨКЕН.** Әңгімелер.  
Алматы, «Жазушы», 1965.  
84 бет.

**Илияс Жансүгуров**  
**БУКЕН, СТРЕЛОК**

*рассказы*

(на казахском языке)

Издание издательства  
«Жазушы» — 1965

*Редактор К. Узакбаева.*  
*Художник К. Хамитов.*  
*Художеств. редактор А. Гурьев.*  
*Технич. редактор М. Прокаева.*  
*Корректор А. Садыков.*

Сдано в набор 28/VIII-64 г.  
Издат. № 12. Подписано к печати  
21/X-64 г. УГ02409. Бумага  
60×90<sup>1</sup>/<sub>32</sub>—2,625 п. л. (Уч.-изд.  
2,35 л. ). Тираж 11.900 экз.  
Цена 07 коп.

Заказ № 1776(г). Полиграфкомбинат Главполиграфпрома Государственного комитета Совета Министров Казахской ССР по печати. Алма-Ата, Пастера, 39.